

АБАЙДЫҢ СУРЕТІ

Эссе

Азаттықтың төртінші жылы, 1995, тамыз, Шыңғыстауда Абайдың ұлан-асыр тойы өтіп жатты. Соңғы күн, сәске, сағат он бір, жапырлай тігілген аппақ үйлерден арқан бойы ұзап, аламан бәйгенің басталуын күтіп тұрған сәтте, етегінен басына дейін қарақұрым той төбеге көзім түсіп еді. Құданың құдыретіне, аруақтың қуатына қайран қалдым. Қайран қалдым – әлсіз лепес, Алаштың рухы, Қазақтың айбыны болып, өз тойы – Тәуелсіздік мерекесін бүкіл әлем ауқымында өткізіп жатқан Әулие Атамның айрықша тумысына табынып, елбірей сүйініп, тұрып қалыппын. Дәл осы тұста екі шалғайы ұзара жазылып, ортасы ойыса иіліп көрінген Қарауыл төбені ежелгі түріктің қос саржалы арыс садағы кейіптес алтын нұр көмкеріп тұр екен. Күн сәулесінің әсер, таңбасы емес. Басқа бір құбылыс, ақылдан, санадан тыс ғажайып. Жанды, шұғылалы, алтын нұрдан иілген алып садақ – Абайдың Аруағына тартқан Алаштың рухы екен. Мен көрдім.

1

Менің жұмыс бөлмемде, жазу столының сыртында, кітап сөресімен астасқан Абай суреті тұр. Мен үшін сурет емес, тірі тұлға. Күн сайын, қолыма қалам аларда мейірлі көзіне, шапқатты жүзіне қараймын. Медет тауып, өз мойнымдағы қарызымды өтеуге ала қағазға жүгінемін. Атамның төбемнен төніп, арқамнан демеп отырғанын айқын сезінемін. Өзімде жоқ қуат құйылады.

Жазудан бос уақытта да үңіле қарап отыратыным болады. Біздің үйде Абай суретінің әлденешеуі бар. Үлкенді-кішілі, әртүрлі басылымдарға енгізілген, әрқилы суретшілер салған. Ал мынау – Абайдың өзінің нақты бейнесінен тікелей көшірме. Түпнұскасы Семейдегі атаулы мұражайда. 1941 жылы 6-март күні Мұхтар Әуезов сыйға тартыпты. Фотографтың есімі – Н.Г.Кузнецов. Семей қаласында түсірілген. 1896 жылы.

Суреттің толық нұскасында Абайдың екі жағында екі ұл – Ақылбай мен Турағұл. Бәрінің де жүзі байсалды. Ал Атамның өңінен даналық лебі шалқып тұрғандай. Бір адам емес, бүкіл Алаштың даналығы.

1896 жыл. Абай елу бір жаста. Арылмас мұң қалыпты байыпқа айналып, сырттағы қайғы ішке түскен кез. Ұлы ақын Тәңірінің дәргейіне жеткен. Өнердегі өрелі мұрат орындалған. Ой мен сыр, сезім мен парасат жарастық тапқан. Өзінің өлмесін, мәңгі жасарын айқын андаған, фәни тіршілігі бақимен астасқан кез.

“Кім де кім акиретте де, дүниеде де қор болмайын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық

бірдей болмайды; екі қорқыныш, екі қайғы, олар да бірдей болмайды; мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда: қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ақирет қайғысынан, ақирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес”, – деп жазатыны осы кез. Адам табиғаты, иманның мәнісі, ислам арқауы туралы философиялық-діни трактат – “Китаб-тасдих” – Отыз сегізінші сөздің жазылғаны да сол жылы.

“Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса;

Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай;

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз,
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз!..”

Абай елу бір жаста. Ақыл-ойы кемелінде, жазуы шырқау шегінде. Жүрек – мейірге, көкірек – мерейге толы. Ең үздік жылы болмас, ең соңғы... жақсы жылы.

Келесі – 1897 Абайға ауыр салмақ әкеле қоймаған сияқты. “Көк тұман алдындағы келер заман...” – деп жазады. Жеке бастық емес, жалпы әлемдік толғаныс. Одан соңғы – 1898 – апат жылы. Заманның Абайға қарсы зұлымдығы – бір кезде Құнанбай қажы өз қолымен қоныс әперіп, ел қатарына қосқан ағайынның арсыз озбырлығы арқылы жүзеге асты. “Желсіз түнде жарық аймен” басталған ғажайып күндер қараңғы көр әуенімен алмасты. Ақын қуатты ойдан бұрқыраған қайран сөзінің қадірін білмес сұм заманға одан әрмен ширығады, іштегі жалын бұлықсып сыртқа тебеді. “Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей”, – дейді. Бір қалыпты өмір шырағын жалғастыру – өте ауыр. Абай өзінің рухани өсиеті “Өлсем орным – қара жерді” жазады, жыл ұзақ Крылов мысалдарымен көңіл аулап, ақыр соңында өлімге біржола бет бұрады.

Тілегін тауысқан, арманнан безген Абай өзінің ақырғы сағатын ғана күтіпті. Алданыш күндер, азапты түндер. Құнанбай ұрпағы, Кәкітай ұлы Әрхам жазып кетіпті:

“Бәйбішесі биік ағаш төсекке, ал Абайдың өзі төсектің алдына жатады. Қасында стол жаюлы тұрады, балауыз шам, сіріңке қойылады. Кей уақыттарда бізге де өз үйінде қонуға рұқсат етіп, төрдің алдына жатқызатын. Сондағы көргенім: Абай түнде көп ұйықтамайды екен, төсекке жатқан соң, бірер сағат өтер-өтпесте шамды қайта жағып, кітап

оқып отырады, не қағаз жазып отырады. Аздан кейін шамды өшіріп жатып қалады, көп ұзамай тағы шам жағып, кітап оқып отырады“. (“Жалын“ альманағы, 1970, N5, 126-б.).

“Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай,
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай...”

Абайдың ойын тануға өреміз жетпесе де, қайғысын ұғуға қабырғамыз толмаса да, басқа бір заманда жасап, басқа бір тірлік кешкен біздің де өз бойымызға шақ уайым, қайғымыз бар, берекесі кеткен мазасыз күндер, ұйқы қашқан азапты түндер болады. Сондайда сен де төсегіңнен тұрып, шам жағып, меңіреуді серпіп тастап, аз-маз тыныс тілейсің. “Кәләм шарифты“ алып, жаратушының құдыретіне мүнәжат етесің. Абайды ақтарыстап, қуат, күш тапқың келеді. Жасырақ кезде, қай өлеңін оқысақ та серпілетін едік. Ұлғайған шақта мұңға – зіл, уайымға – қайғы қосылады. Абайға опа бермеген дүние сені қай бір ұшпаққа шығарсын.

“Есінде бар ма жас күнің...“, “Құдай-ау, қайда сол жылдар...“ Атаңның жоқтайтын жылдары бар екен. Сенде бар ма? Жоқ-ау, сірә. Барлық уақытта да “жүрегім менің қырық жамау“ болыпты. Рас, “нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен...“ Тағы рас, “өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ!“ Бәрі жөн. “Қан жүректі, қайғылы-ау, – қайрыла кет сен маған...“ Қайрылып қарасаң, қайтадан оқи бастасаң... Жаннан түңілесің. Атаңның ұлылығынан, арадағы айырмадан ғана емес. Сенің қайғың, сен шектім деп жүрген азап... баланың ойыны, бақсының жыны. Абайдың басына түскен ауыртпалықтың ширек бөлшегін де көтере алмас едің. Жазу қайда, жер бетіндегі жай тіршіліктің өзі жоққа саяр еді. Өлеңін оқимын да, суретіне қараймын. Атамның өмірі қандай ауыр болған. Жылағың келеді.

“Егер менің ішімді ашып көрсең,
Жылауыңды ұмытып, шошыр едің!”

Мен шошымас едім. Аяғын құшақтап, одан әрмен ағыл-тегіл жылар едім.

2

Мен бес жастамын, 1945 жыл, мамырдың соңы, әлде маусым болса керек, ел жайлауда, тапа-тал түс, төбе басында отырмыз. Біз – ауданнан келген уәкіл, менің үлкен әкем Мағауия және мен. Әдетте үлкендер төбе басына кешке қарай шығады, күндіз көтерілсе, аса бір маңызды әңгіме болғаны. Бұл ауыл – Семей облысының Жезқазғанмен шектесер тұсындағы алыс отар, 32-жылы халық жаппай қырылғанда ел ауып, мүлде бос қалыпты, өткен жазда ғана біраз жұрт қайтадан қоныстанған, қазір ойлап отырсам, әлемнен аулақ жатқан арал сияқты екен; біздің ақсақал –

запкерме, яғни, ферма бастығы, осы ауылдың бірден-бір қожасы, кеңсе басына, ресми тілмен айтсақ, колхоз орталығына жарты жылда бір-ақ рет қатынайды, сыртқы дүниемен байланыс – осы ғана болса керек; мұндай жағдайда ауданнан уәкіл келуі – үлкен оқиға. Әдетте уәкіл үркітіп, қорқытып кететін, ал бұл кісіміз өйтпеген сияқты, әйтеуір әкем (шалдың баласы есептімін, атамды әке дейтінмін) екеуі төбе басына қарай аяндағанда мен де сондарынан ерсем керек.

Бәрі есімде. Үстімде жұқа жейде (әлдеқалай қолға түскен бір кез аксисадан әкем өзі тіккен, етегі қысқа, жағасына жетпей қалып, екі-үш қиықтан құрап еді), төбе басы желтең екен, бірақ күн жылы, әкем насыбай үккенде күлін қосатын көк сұр қылшаның тарам-тарам ұштарында қыпқызыл, мөп-мөлдір бүршіктер көрінеді. Тамызда пісетін қарақаттан әлдеқайда кішкентай және тұнып тұрмайды, бір түпте төртеу-бесеу ғана болуы мүмкін, бірақ сұмдық тәтті. Кейін сан қилы тәттіге тұшынсақ керек, бірақ қылшаның жемісінен тәтті дәм көрмедім. Сол қылшаның басын теріп жеп жүргем. Кенет уәкіл мен әкемнің арасындағы әңгіменің сарынын құлағым шалып қалды. “Енді Абайды бүкіл дүние танығаны ғой, – деді әкем толқып. – “Жүрегімнің түбіне терең бойла!” – деп еді. “Ішім толған у мен өрт...” – деп еді. Зары жеткен екен ғой. “Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, – Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!” – деп еді. Өлмегені ғой...” Содан соң әкем құран оқығандай, тамағын кенеп, қоңыр әуезбен Абай өлеңдерін мақамдап кетті. Көбін білем. Білмейтіндерім де бар екен. Бұдан соңғы кеңестен ұққаным – Абай Атамның ұлан-асыр тойы болмақ. Кешегі Керей Демесіннің асынан артық. Арыдағы Абылай ханның асына парапар. Ет тау болады, қымыз көл болады. Күрес, сайыс, ат ойындары. Аламан бәйге өтеді. Бүкіл Қазақстан қатысады. Шет жұрттар да келуі мүмкін. Біздің Шұбартау ауданы үй қамдап, сойыс әзірлеп, ат жаратып, балуан баптап жатыр. Басшылар қыздың өңдісін, жігіттің өнерлісін іріктемек көрінеді, ал өздері түгел аттанады... Той! Абай тойы! Барған – бақыт, бармаған – арман. Бірақ тәуба! Кім ойлаған, дүние қайта айналады деп. Енді міне! Абайдың өзінің тойы өткізілмек!

Жаз бойы Абай тойынан басқа әңгіме болған жоқ. Менің білуімше, біздің ауыл “Кәрманмен” арадағы қырғын соғыс біткенде де дәл осылай қуанбаған сияқты. Еріксіз қасапқа айдалған он жігіттің тоғызы өліп болған, оның үстіне, жапан деген, аты қазақша, білетіндердің айтуынша, түрі де қазақ сияқты алыс бір жұртпен жаңа соғыс басталды, міне, осындай кезеңде Абай тойының өтуі – жарық күннің сәулесі, жақсылықтың жоралғысы, қазақтың да қайтадан ел болмағының нышаны тәрізді көрінсе керек.

Ақыры, жұрт үміті ақталды. Абай тойының болады дақыртынан – болған қызығы әлдеқайда асып түскен сияқты. Мұхтар Әуезов келген. Қажымұқан келген. Алаштың игі жақсысы түгел жиналған. Мереке болған. Ойын болған. Ас берілген. Ат шапқан. Бүкіл Ырғызбай әулетіне нағашымыз, ең қиын күндерде Абайға демеу, тірек болғанбыз деп мақтанатын біздің аудан бұл тойда айрықша абыройға жетіпті. Тұмарлап апарған бас балуанымыз, Шақантай батыр ұрпағы Әбдірәсіл Сері

Қажымұқаннан соңғы күш атасы болып шығыпты, ал Серінің жаз бойы баптаған Ақтабан аты аламан бәйгеде үшінші келген. Серінің жасы сол кезде жиырманың ішінде болса керек, атағы аспанға өрледі. Ал Ақтабан ат туралы қаншама аңыз айтылды. Абай тойында үшінші бәйге алған бұл тұлпардың түбі – сол Шақантай әулетіне жиен Кәкіжан деген жігіт екен, соғыста хабарсыз кетіпті. Кәкіжанның артында қалған жалғыз ұлымен кейін, мектепте бір класта оқыдық, аты Исатай еді, сол Исатайдың үлгілі, үздік оқуынан гөрі, баяғы, Абай тойында шапқан Ақтабан аттың иесі екен деген құрметі артығырақ болатын...

Абай атамның тойының сарқыты – келер жылы мен де бәйгелі болып шықтым. Аудан орталығындағы әлдебір кеңеске барған әкем Абайдың 100 жылдыққа орай шығарылған үлкен бір томдық толық жинағын әкеліп берді. Ел қыстауға қонғанша мен Абай Атамның өзім білмеген өлеңдерін түгел жаттап алдым. Сыртында Абайдың бедерлі сұлбасы, ішінде екі ұлымен бірге түскен нақты суреті бар, әрі биік, әрі қалың, көкшіл кенеп мұқабалы қасиетті кітап біздің үйелмен қаншама өткелекке ұшырап, қандай шырғалаңға түссе де пәле-жаладан қақас қалыпты, әжемнің сандығында, Құранмен бірге сақталып еді, қазір менің жазу столымның сыртындағы қатар-қатар сөрелердің ең жоғарғы қабатында, соңғы елу жылдағы қаншама басылымның алдында, төбемнен қарап тұр. (Кәләм шариф хижраның 1320 – яғни, Абайдың тірі кезінде, миләди 1902 – бабам Құрымбай дүниеден қайтқан жылы басылған екен, ұзақ жылдар бойы біздің шаңырақтағы жалғыз Бұрқан болды, темір перде босаңсығаннан бергі жылдарда Едіге дейтін балам екеуіміз Түркия мен Мағрибтан, Париж бен Тегераннан, тағы басқа да тараптан екі жақтап арқалап әкелген жиырма шақты құранның басында ол да өз орнын тапты. Алланың сөзі мен Абайдың сөзі бір сөреге қойылған: Құран кітаптары оң жақтан бастап тізілсе, Абай кітаптары сол жақтан бастап тізілген, екеуінің түйісер тұсына, пендешілік болса да, күнә болмас деп, “Аласапыранды” қойдым). 1969 жылы ғой деймін, арты үлкен дау-шарға ұласып, алғашқы басылымы тәркіге түсіп, пышаққа ілінген, мені алашшыл ағаларымның соңынан аттанар құрметті тізімге қосқан “Алдаспанды” баспаға қайыра әзірлеп жатқанда, қағазы уақыт табымен сарғыш тартқан еңселі кітаптың бірінші, атау бетіне арыстан суретті экслибрисімді таңбаладым: әлейім-тәлейімде жоғалмасын, талауға түспесем, кейінгі ұрпағыма біздің әулеттің ең үлкен қазынасы ретінде ұмытылмай сақталсын деген ниет, әйтпесе, кітапта бір сызат жоқ, бұдан елу жыл бұрын, мен періште көңілмен елбіреп, алғаш ұстаған қалпында. Қазір Абайды 1986 жылғы, өзім дайындап шығарған басылымнан оқимын. Бірақ Жүз жылдық жинақты да тым құрса айына бірер рет қолыма ұстап көрем. Атамның әуезді қоңыр үнін өз құлағыммен естігендей, ортан саусағы мен аты жоқ саусағының ұзындығы тепе-тең, әдемі, нәзік, салалы қолдарын өз қолыммен ұстағандай, мәңгілікпен тілдескендей өзгеше барақат табам. Мені кісі қылған – осы кітап. Мені түнектен алып шыққан, жарық дүниеге нұсқаған – Абай; бұдан соңғы оқылған он сан әдебиет, көрген мың бұрау хикмет, өмірдегі барлық түйгенім – осы кітапқа тіркеме, ал қырық жыл қалам ұстағандағы бар

жазғаным – осы тұлғаның жаңғырығы ғана. Абай болмаса, Мен де болмас едім.

3

Есімім – Мұхтар, сойым – Мағауин, туған жерім – Семей болған соң біраз жұрт мені Абай әулеті деп есептейді екен. Әр тарапта, әртүрлі ортада солай ма деген сұрақтар да болды. Енді бір ағаларым, сірә, мені тым жақсы көргеннен шығар, Абайдың өз кіндігінен жаралғаным асырттай сенген екен. Қазақ тілінің білгірі, дарыны да зор, заман қыспағымен еншілі биігіне жете алмаған үлкен жазушымыз, кісілігі күшті Ғабдол аға Сланов 1968 жылы, қайтадан басылып шыққан “Дөңсқан” романын: “Ғылымның тереңіне бет түзеген үміткер інім Мұхтар, атыңа да, ата даңқына да муәфиқ болғайсың!” – деген қолтаңбамен (15.III.) сыйлап еді. Осының алдында ғана, ана тіліміздің қасиеті байыпталған мәнді бір мақаласында мен туралы жылы лебіз білдірген, ол замандағы өрелі ұйым Жазушылар одағына мүшелікке жолдама берген ағаның ықыласына қатты толқыдым; Абай ұрпағы емес едім деп айтпадым. Кейін анығына жетті ме, әлде сол сеніммен кетті ме – білмеймін. Қазір ойлап отырсам, ақсақал бата беріпті, әділін айтыпты. Атымды ақтадым, Атамның даңқына муәфиқ қызмет жасадым. Асқан емес, мақтан емес – кім теріске шығара алады. Абай атамның туған ұлы екеніме күмән болмаса керек.

Бұл, әрине, бейнелі сөз, біздің болмыс. Ал тумысымыз басқа тұқым екенін айттық. Бірақ бұл тарапта да мен Абай демінен жаралдым, Абай атамның батасымен дүниеге келдім дер едім. Бұл сөздің нақты мәнісі бар.

Бірде жазғы жайлауда Бауырдан Жонға шыққан Абай суы мол, шөбі шүйгін Бақанас өзенін қаласа керек. Ол заманда ел тығыз, бос жер жоқ. Менің бабам Құрымбай Бітенұлы (1830-1902) жасы кіші болса да басы үлкен досын өзінің ата қыстауының етегіне әкеп қондырыпты. Бұл жердің аты – Көпбейіт. Арғы аталары жуан, кейінгі ұрпағы жадау болған біздің әулеттің соңғы екі жүз жылғы сүйегі осы Көпбейітте жатыр. Құнанбай ауылының Тобықтымен жерге талас Керей ішіне бойлай еніп, Бақанасқа келіп қонуына орай кейбір малды ағайындардың өкпесі мен қоқан-лоқысы, ақырында біздің шалдың бұл тәйтіктерді Абайдың аяғына жығып бергені – өз алдына бір әңгіме. Тіршілік жетіп, ғұмырбаяндық естелік жазсам, мүмкін, толығымен келтірермін. Семейдегі Абай музейінде бұл тарапта емескі бір дерек бар көрінеді. Анығы – 1886 жылы Абай еркін келіп жайлаған жер аты – Көпбейіт, бұл қонысқа қондырған жер иесі – Құрымбай.

Сарқыраған өзен, ен тоғай, көк шалғын, мүлгіген тау – Абайдың деніне қуат, қиялына қанат береді. Қырыққа жаңа ілінген, даналықтың шыңына жеткен Абайдың көкірек-тынысы біржола ашылып, өнері өзгеше бағдар табады. Ұлы Абай 1886 жылғы Көпбейіттен – ауыл жайлауға жаңа қонып, үй тігіп жатқан сәтте шалқып шыққан “Жаз” өлеңінен басталатыны – хрестоматиялық шындық. Менің болашақ өмірім де сол сәтте шешіліпті.

Ертесіне ме, арғы күні ме, жайлау тарқап, ел көшер сәтте ме, әйтеуір осы жазда Абай Атам Құрымбай шаңырағына бата берген көрінеді: “Сөз ұстаған ұл тусын, Ел ұстаған би тусын!” – депті. “Тәуба, қабыл, әйтеуір тұқымсыз кетпесем болды”, – депті біздің шал, елбіреп. Ай өтті, күн өтті, жыл өтті, келер жазда, екі әйелі болса да, төрт ағайынды болса да, құдай қаншама ақылды, сұлу қыз берсе де, бүкіл әулетімен бір ұлға зар болып отырған Құрекеннің шаңырағында ақ түйенің қарны жарылыпты, аппақ ұл туады – бауы берік болсын деп, атын Берікбол қояды; арада екі жыл өткенде тағы бір ұл дүниеге келіпті – Абайдың өзінің сүйікті баласының құрметіне атын Мағауия қояды; түгін өшпепті, шаңырақ құламапты, осы екі ұлдан бір жалғыз туыпты, ол да заманның талай талқысына түсіпті, тағы бір жалғызға жарық беріпті: сөйтіп, арада елу төрт жыл өткенде, үшінші толқында біз дүниеге келіппіз – сол шаңырақта, сол қоныста. Абай Атамның батасы орайын тауыпты. “Ел ұстаған би” – кезінде болар, біз сөз қармаумен ғұмыр кештік. Басқаша болуға тиіс емес-ті: Абайдың табаны басқан жерге менің кіндік қаным тамды; Абай назар тоқтатып қараған барқын тау – мен жарық дүниеге көзімді ашқанда қарсы алдымда маңғаздана мүлгіп тұрды; Абай байсалды кеңес құрып, сапырып қымыз ішіп, мұнды жаны бір сәт барақат тапқан тоғайлы алас, көк шалғынды шым топырақ – мен аунаған бесік екен, тәй-тәй басқан алғашқы қадамымның куәгері екен; мен Абай дем алған ауамен тыныстап, Абай су ішкен өзеннен нәр алдым; арада қаншама заман өтсе де, сол қалпында тұнып тұрған Абай рухы, Абай туралы әңгімелер, Абайдың ықылас-батасы мені әлпештеп өсірді, Абай өлеңімен тілім шықты. Атымның Мұхтар қойылуы да осы есім арқылы Абайға құрмет екенін көкірегіме түйдім. “Мұхтар Абайды шығарды ғой... Мұхтар Абайды жазды ғой...” – деп сөйлейтін біздің ақсақал, Құрымбай ұлы Мағауия. Сол кісінің әңгімелері арқылы мен де Абайды өз көзіммен көргендей болдым. Біздің шаңырақтың пірі, бүкіл қазақтың пірі. Алты жасымда Абай атамның өлеңдерін түгелге жуық жатқа білдім. Сегіз жасымда Абай туралы жазылған, “Абай” деп аталатын екі томдық қалың романды оқып шықтым. Атамның асқақ кейпі күн озған сайын биіктей берді. Жасымыз үлкейді, көкжиегіміз кеңіді, біліміміз өсті, өзіміз де жазатын болдық, жетілген, толған сияқты көріндік, бірақ Абайдың тұлғасына – ақыл, тумысына – ой жетпейді екен. Биіктігі, зорлығы сондай, егер Абай Атамның тізесіне жетіп, аяғына оралсам, осы уақытқа дейін қалам ұстаған барлық қазақ тобығымда қалар еді деп ойлаймын. Бұл – астамшылық емес. Абайды ұлық тұтқан адам өзінің де шамасын біледі. Ал мен өте жақсы білем. Сондықтан да күні бүгінге дейін Абай туралы арнайы сөз ете алмай келем: жүрегім дауаламайды. Дана туралы толғаныс үстінде шалалығым көрініп қала ма, Биікке бой салғанда аласалығым байқалып қала ма, Тереңге үңілген талабым таяздығымды әйгілей ме деп қорықтым. Абай туралы татымды сөз айтатын дәрежеге қашан жетем деп жүргенде біз де қартайыппыз, арман ұлғайып, уайым – қайғыға ұласты; қажыған көңіл ауанымен жазылған бұл мақала да Абайдың өзі емес, сыртқы

болмысы – көлеңкесі, сол көлеңкенің сұлбасын қағаз бетінде тұтып қалу талабы ғана.

4

Бір жылы, қыс көзі қырау, ақпанның аязында Абай шұғыл хабаршы жіберіп, менің бабам Құрымбайды шақыртыпты. Бақанаста, Көлбейіттегі ата қыстауында отырған біздің ақсақал күйлі құр атпен ақ қар, көк мұзда Шыңғыс асып, ара қонып, Абай отырған Ақшоқыға жетеді. Үсті-басы аппақ қар, түс пе, кеш пе, асығыс кіріп келсе, Абай Тобықтының бір топ игі жақсыларымен кеңес құрып отыр екен дейді. Біздің ақсақал босағадан аттап, “Ассалаумағалейкүм!” деп сәлем береді. Абай сәлем қайырмайды екен деуші еді осы әңгімені маған қаз-қалпында қаншама мәрте айтқан әкем Мағауия. Сәлемшінің бетіне байыппен қарайды да қояды екен. Сәлем алғаны осы. “Ассалаумағалейкүм!” Абай бұл жолы да Шыңғыстың Сыртынан арнайы шақыртқан кісісіне бажайлап қарайды. Бірақ көп бөгелмепті. “Құрымбай, ескі низам шыққалы қанша жыл болды?” – деп сұрапты. Біздің ақсақал тымағының қарын қағып үлгермепті, дейтін әкем. Шұғыл сұраққа табан аузында жауап береді: “Бұдан елу жыл және бір мүшел және бес.... алты жыл”. “Пәлі! – депті Абай. – Тура. Алпыс жеті жыл болды. – Ризашылықпен, алдындағы, аңтарылып қалған қасқа-жайсаңға қарайды. – Бірақ қай есепке сыйғызып айттың?” Босағадан төрге озып үлгермеген біздің ақсақал сонда ғана саптама етігін қағып, тымағын шешіпті. “Әкем Бітен ақ патшаның әмірі тарылып, кәпір низам шыққан жылы туған үлкен ұлының атын Жаманқұл қойған екен, сол Жаманқұл алпыс бір мүшелінде дүние салды, биыл жетінші жыл...” Абай күліпті. “Тіпті оңай болды. Жаманқұл ағанды асса ауылы ғана біледі. Тағы қандай есепке сыйғызасың?” “Марқұм Күнекең қажы Бешнәу жандаралдың оң тізесіне отырып, Ақарыс пен Жанарыстың Алатаудағы сиязына төре бергенде, одан соң Кенесары хан қырғыздан өлгенде ескі низамның шыққанына шамамен екі мүшел болған екен деуші еді әкем. Ал Алатау сиязы кезінде Қажы қырыққа жаңа ілінген, Абай ағамның тәйтәйлап жаңа жүрген кезі...” Абай біздің ақсақалдың бетіне барлай қараған қалпы азғана бөгеліпті де, игі жақсылармен арадағы үзілген кеңесін ары қарай жалғастыра беріпті. “Содан соң не болыпты?” – деп сұраушы едім мен өз әкем, дәлірек айтсақ, үлкен әкем Мағауиядан. Не болушы еді. Ақсақал сыртқы киімін шешінеді, төрге шығып, тиесілі орынға, яғни, арнайы шақырылған мейман ретінде жоғарыға, Абайға тақау жерге отырады. Әлде екі күн, әлде үш күн бойы Абай аулында қонақ болады, қазы-қарта, жал-жая, қызғылықты әңгіме, келелі кеңес. Содан соң рұқсат сұрап, үйіне қайтады.

Абай бір-ақ ауыз сөздің жауабын есту үшін осыншама қысылтаяң уақытта соншама жерден арнайы шақыртқан. Бір-ақ ауыз сөз. Және өзі білетін сөз. Мен ойлаймын. Абай Ресейдің империялық өкіміне қатысты әлдебір әдебиетті қарап отырып, ақ патшаның қазақ даласында хандық

үкіметтің жойылатыны туралы 1822 жылғы жарлығын оқыған, содан соң аталы жұртты бас билігі, жол-жора, ырық, жарғысынан айырған қаралы құжатқа қатысты ел ішінде әлденендей бір дерек сақталған-сақталмағаны жөнінде нақты білгісі келген. Біздің ақсақалдың жауабына қарап, халқының тарихи жадына таң қалғаны күмәнсіз. Қағазға түскен құжаттың ел есіндегі көрінісін аңдау – жұрт аузындағы тарихи тұрғыдағы әңгіме, ескілікті шежірелердің нақтылық сыпаты туралы да белгілі бір ұғым, түйінге жетелемек. Қасым ханның “Қасқа жолын”, Есім ханның “Ескі жолын” жақсы білген, Әз-Тәуке ханның “Жеті жарғысын” жадына түйген Абай Алаштың бар зиынын бір бойына жинақтаған еді. Өз жұртының асыл қазынасын Шығыстың даналық өлшеміне салып, Батыстың жаңа білігімен негіздеп отырған. Бұл орайда өз әкесі Құнанбай қажыдан бастап, ат жетер жердегі алыс-жақын қазақтың бетке шығар, үлкенді-кішілі барлық игі жақсысынан тағлым тартқан, ойдың, танымның асқаралы биігіне жетіп, көзі тірісінде, қырыққа жаңа ілінген жасында қалың қазақтың бірден-бір рухани көсеміне айналған.

Абайдың үйі қыста да, жазда да, таң атқаннан түннің бір уағына дейін – жыл он екі ай бойы жиын. Әсіресе, жер аяғы кеңіген жазғы жайлауда. Таяу маңдағы жұрттың ат жалын тартып мінуге жарайтын үлкен-кішісі Абайға сәлем беріп қайтуды парыз санайды. Неше күндік жерден ат арытып, арнайы келетіндер де көп. Ақылын естімек. Үлгісін танымақ. Жүзін көрмек. Әңгіме, кеңес тыңдау үшін келетіні қаншама. Жоқ іздеген, теңдік сұраған, араша күткен қаншама жұрт. Еріккеннен, немесе тегін тамақ үшін, қонақасы жеу үшін жүретіндер өз алдына. Абай үйі – хан ордасы сияқты. Біреу келіп, біреу кетіп жатады. Түстенеді, арнайы тігілген үйлерге қонады, ертеңіне әңгіме, кеңес одан ары жалғасады.

Ақын Абай, хакім Абай мұндай жиын, кеңестерде – ғұлама уағызшы. Әділдік туралы, адалдық туралы, өткен заман, болашақ бағдар туралы сөйлейді, хақ жолы – құдай жолы туралы, өнер мұраты, адамдық өнеге туралы толғанады.

“Абай сөйлегенде, мейлі ескі ғасырларда болып өткен пайғамбарлардан сөйлесін, мейлі патшалардан сөйлесін, болмаса, өзінің өмірдегі көрген-білгенінен сөйлесін, сол айтылып отырған зат көз алдында елестеп, көрініп тұрғандай ұғылатын еді. Адамға сөздің кестесін өрнектеп, ұғындырып айтуы сондайлық, өзімше ойладым, Абай үзбей сөйлеп отырса, сөз ұғуды талап етіп, құлағын төсеп, көңіл берген ынталы, талапты адамның қаншама уақыт өтсе де ұйқы, тамақ ойына келетін емес. Тек Абай сөйлеп отырсын. Абайдың әңгімесін бір күн тыңдаған адам баласы өмірлік азығын арқалап алып шығуына болады”, – дейді Абайдың жүзін көрген, алдында болған, жақсы батасын алған Төлеу ақын. (“Жалын” альманағы, 1970, N5, 118-б).

“Қазақта қара сөзге дес бермедім”, – деп өзі айтқандай, Абай кеңесі – шешендіктің өзгеше нұсқасы – тіл мен жаққа сүйенген қызыл сөз емес, мағыналы, мәнді ғақылия: арыда, Көне Түрік заманында қалыптасып, Алтын Орда дәуіріне ұласқан, одан Қазақ Ордасы кезеңіне көшкен алымды, асыл дәстүр – ақын мен жырау, елшілер мен билер өнегесі,

Мұхамед пайғамбар заманынан бергі тарихтағы мешітте құтпа оқыған ғұлама, халық арасында ислам жолын насихаттаған дәруіш, сопы әуезі – өзгеше тұрпатты қазақ-мұсылман сөз мектебінің айқын көрінісі. “Абай мен көргенде екі түрлі мақаммен сөйлейді екен. Бір түрі – сыбырлап сөйлегеннің аз алдында: баяулатып, қоңыр, майда үнмен сөйлейді. Екінші түрі – көтеріңкі, не қатты емес, не ақырын емес, құлаққа бір түрлі жайлы тиетін күңгірлеген дауыс еді”, – деп жазады Төлеу ақын. (Сонда, 117-б).

Мағыналы әңгіме, келелі кеңеске сай сырлы әуез Абай сөзінің салмаған арттырып, әсерін күшейте түскен. Бір рет көрген кісі, бір-ақ рет естіген кісі әулиенің алдында болғанын анық аңдап, ғұмыр бойы таңырқап, тамсанып өтеді екен. Біз Абайды көзбен көрмесек те, сондай кісілердің кейбірінің лепесін тыңдап, үлгісін танығандай едік, бұлардың ең ақыры – ұлы ақын дүниеден көшкеннен соң тура жетпіс жылдан кейін – 1974 жылы көз жұмған менің үлкен әкем Мағауия Құрымбайұлы болса керек. Аруақ риза болсын, әулиенің алдынан өткен, біз білген басқа да қарттардың есімін атай кетейік, бұлар: Әбіш Ержанұлы, Мақып Қорамжан келіні, Кәкім Оңдасынұлы, Қасен Қожабайұлы, Әкебай Бөжейұлы... Менің тірі Абай туралы әуелгі ұғым-түсінігім белгілі мөлшерде осы қарттардың әңгіме-естеліктері негізінде қалыптасқан еді.

5

Абайдың үйі – хан ордасы сияқты дедік. Рухани Орда. Жыл он екі ай жапырлаған жұрт. Тақаудан бұрылып келеді, алыстан іздеп келеді. Бірақ бәрі бірдей үлгі тартпаған, кеңеске кірмеген. Әлбетте, Абайдың өз тыңдаушысы бар. Келімді-кетімді кісінің көпшілігі – күнделікті тіршілік күйбеңіне қатысты шаруамен жүреді. Дау-дамайдың соңын қуған, жоқ-жітігін түгендеген, арыз айтқан, теңдік сұраған адамдар. Ешқайсысы да Абай назарынан қақас қалмаған. Өйткені Абай – ақын ғана емес, ғұлама ғана емес, халықтың өзі қалаған төбе би. Өкіметсіз өкімге жеткен Абай жәбір көрген жалқыға жактасу тұрыпты, алдына келген істі аяқсыз қалдырмауға тырысады. Бұл орайда ел аузында сақталған, ішінара хатқа да түскен әңгіме көп.

Біздің ауылдан шыққан шежіре қарт Әкебай Бөжей ұлынан 1959 жылы жазылып алынған бір сөз.

Руы Керей – Тобықты деген шал Абайдың үйіне келіпті. Ойында амандасудан өзге ештеңе болмаса керек. Қымыз ішіп, енді кетуге айналғанда Абай оның не шаруамен жүргенін сұрайды. Тобықты сасып қалып, ұрыға алдырған бір жылқысының жайын айтады. “Ұры да емеспін, ұлық та емеспін, маған оның несін айтасың”, – дейді Абай.

Арада үш жыл өтеді. Бір күні арнайы шақыртып жатыр деген хабар алған Тобықты ара қонып Абай аулына жетеді. Сәлем беріп үстіне кірген қартты қасқа, жайсаңдардың ортасында отырған Абай жылы жүзбен қарсы алады. Ет жеп, қымыз ішіп болып, ел тараған соң: “Сен жау алған жылқыңды өзің таппағаныңмен қоймай, мені де жоқшы етіп кеткенінді

білемісің? – дейді Тобықтыға қарап. – Атың табылды. Әділхан қайтып беретін болды“.

Тобықты қуанып, алда разы болсын айтады.

Бұдан соң: “Дүниеде армансыз адам бар ма?” – деп сұрайды Абай. “Бар, ол – сіз“, – дейді Тобықты. “Ол қалай?” “Құнанбайдың алты ұлы бар, алты ауыл. Тегіс бай, жуан. Сол шынжырбалақ, шұбартөстің ішіндегі ең асылы өзіңсің. Досың түгіл дұшпаның кемітпейді. Сен армансыз болмағанда кім армансыз“, – дейді Тобықты.

“Ол рас, армансыз кісі бар. Сенімді көршісі болса, өз үйінен тойса, ешнәрсеге көңілі алаңдамаса, қаса надан болса – сол кісі армансыз. Мені қалай армансыз дейсің. Басқаны былай қойғанда, сенің осы жалғыз атыңды үш жыл сұрастырып, әрең таптым ғой. Осыдан малың ізсіз кетсе сен: “Абайға да тапқызбады“ дейсің; ұры: “Ақыл-айламды Абайдан да асырдым“ дейді. Бұл уайым емес пе?” – депті Абай.

Бұл, әрине, әділет жолы, кісілік үлгісі ғана емес. Мүскінге жанашырлық. Абай өзінің жұрт алдындағы беделін, қолындағы өкімін елінің, жұртының игілігіне жұмсайды.

Әлуетті атадан шыққан, көсем туған Абайға қазақ бас еркінен айрылған заманда үлкен билік тиген жоқ. Нақты өкім тобықтының бір пұшпағынан аспады. Неше болыс бас қосқан атаулы сияздарда ресми төбе би қызыметін атқарғаны бар. Сол азғана, келте биліктердің өзінде Абайдың алғыр шешендігі, тапқыр шешім, әділ үкімі қалың қазақты қайран қалдырған. Абай ел арасындағы дау-дамай, шырғалаң шатақтардың бәрін ескі хандық замандағы жол, жоралар бойынша шешіп отырған. Ежелгі салт-дәстүрді елдің тірегі санаған. Халықтың өзін өзі сақтауы жолындағы алғышарт деп білген. Үшінші сөзінде: қазақ ішінде билік жүргізген кісі “Қасым ханның “Қасқа жолын“, Есім ханның “Ескі жолын“, Әз-Тәуке ханның... “Жеті жарғысын“ білмек керек“ дегені бар. Әлбетте, сонымен қатар, заманның озуы және қоғамдық қатынас, тұрмыс-тіршіліктің өзгеруіне байланысты жаңа жағдайлар да есепке алынуға тиіс деп ескертеді. Абай тұсында бір жағы діл бұзар дүмше ұғымдар, бір жағы орыс тәртібі зардабымен қазақтың байырғы, еркін замандағы ұлттық-патриархалдық әдет-ғұрыптарына көлеңке түскен, аяқасты болмаса да, шетке қағыла бастаған. Абай өзі төбе би болған сияздарда әрқилы сыпаттағы дауларды сол ескі жора, тарихи жарғылар жөнімен шешіп отырғаны көрінеді. Тіпті, тұрмыстық, әлеуметтік мәселелердің өзіне осы тұрғыдан қарайды. Мәселен, Балқыбек сиязындағы Салиқа қыздың дауы, әр кезде әр тараптағы бұдан басқа да жесірлерге бостандық әперу, біздің зерттеушілер айтып жүргендей, орыс ықпалынан туған жаңашыл көзқарас емес, арғы замандағы қазақ дәстүріне қайыра жүгіну болатын. Әдепкі уақыттарда, кейін Абай ресми биліктен кетіп, рухани тірлікке біржола ден қойған кездің өзінде оның алдына бару – шешілмес даулардың түйінін тарқатып отырған. Абай билігі – әділдікке, ақылға жүгінген таза қазақы билік.

Бір ғана мысал. Кезінде манағы Әкебай ақсақалдан жазып алған едім:

Жігітектер өзара “Күйгенбұлақ” деген жайлауға таласып, Абайға билік тыңдауға Қорамжан, Бұланбай деген екі адамын жібереді. Бұрын “Күйгенбұлаққа” ретіне қарай қай бұрын келгені қонып жүреді екен. Абай дау жайын тыңдап болып: “Күйгенбұлақ, Жігітекке тиген бұлақ; Қорасан қожа қонған бұлақ, өлген балаға толған бұлақ”, – деп тақпақтап отырып, жайлауды Қорамжан аулына бұйырыпты. Сөйтсе, өткен жазда осы ауыл жайлап отырған кезде қорасан шығып, біраз үйдің баласы офат тапқан, һәм сол араға жерленген екен.

Біздің жұрт, ежелгі сақ заманынан бастап, өзінің ата-бабасының, қандастарының моласы тұрған жерді қастерлеген, қандай жағдайда да қолдан шығармауға тырысқан. Абай шешімі осы ежелгі ұлттық сана ауқымынан табылғанын көреміз.

Абайдың әділдігі – жанашырлықпен, жанашырлығы жомарттықпен астас. Бұл ретте де өзгеше мінез бой көрсетеді. Билігі – зіл емес, үкімі өкім емес. Қашанда екі жақ бірдей риза болып тараған. Әкебай ақсақал жеткізген бір сөз:

Жапа деген шал мен Арықматай деген кісі бір серкешке даулы болыпты. Абай алдына келіп, дауларының жайын айтысады. Өз кезегінде сөйлеп отырған кезінде Жапа қайта-қайта саптама етігінің қонышына қолын жүгірте берсе керек. Абай дауды Арықматайдың пайдасына шешіп, не серкеш, не бір теңге ақша берілсін деп бұйырады. “Айналайын Абайжан-ай, саған барамыз деген соң, жығылатынымды біліп, қонышыма бір теңге ақша тыға салып едім, соны өзім де таба алмай отырмын”, – депті Жапа. Жапаның ісі теріс екенін күні бұрын-ақ қонышына қарайлай бергенінен білген Абай ризашылықпен күліп, Арықматайдың аласы ақшасын өз жанынан төлепті.

Даудың үлкен, кішісі жоқ. Мәселе әділдікте. Сонымен қатар, жарлы үшін бір серкеш – әжептәуір қазына, Абай жауапкердің кінәсін мойнына салады, бірақ салмақ түсірмей, талапкердің қажетін өзі өтейді. Сонымен қатар, кінәлі кісінің аңғалдығын қызықтау да бар. Осы орайда Әкебай ақсақалдан тағы бір әңгіме:

Сәлем бере келген Құлайғыр деген кедейге Абай соғымға сой деп бір құнан өгіз береді. Көлденең олжаға қуанған Құлайғыр үйіне барған соң: “Құдай бергізді, Абай берді” депті. Бұл сөз құлағына жеткен Абай арнайы кісі жіберіп, өгізді айдатып алады. Құлайғыр соғымсыз қалыпты.

Келер жылы күзде Абай тағы да кісі жіберіп, Құлайғырды алдына келтіреді де: “Былырғы өгізді берген кім? Құдай берсе неге соймадың? Оны берген құдай емес, мен. Өгізің дөнен шықты. Енді биыл сой”, – деп, ту өгізді қайтып береді.

Құдайшылық жөнінен қазақта Абайға ешкім жетпеген. Бұл арада бар кілтипан кедей байғұстың жомарттық жайын үстірт ұғуында. Абай сараң емес, бірақ мал шашпақтан аулақ – қайыр, садақаның жөні басқа.

Соғым, сойыс, қолқайыр өз алдына, Абай ауылын паналаған жоқ-жітік, кедей-кепшік көп болған. Бірі от жағып, бірі су тасып, тезек теріп, тіршілігін жалғаған. Жалшы емес, сонымен қатар еңбексіз арамтамақ та емес. Абайдың мұндай адамдарға қатынасы да ізгілік сыпат танытады.

Абай ауылында өскен, кейін Мұхтар Әуезовке мол дерек берген Қатпа ақсақалдың бәйбішесі, кезінде ұлы ақынның шайын құйып берген Мақып Қорамжан келінінің айтқаны:

“Қайын атам Қорамжан кедейліктен Абай аулына көшіп келгенде, мен он төрт жастағы жаңа түскен жас келіншек-бала едім. Абайдың үйіне келіп-кетіп жататын қонақ жыртылып айрылады, мал көп сойылады екен. Сүйінбай деген кісі мені от жағып, су әкелуге қосты. Мен бас тартқаным жоқ, айтқанын екі қылмай орындауға тырысып, жүгіре бердім. Бір күні анау үйден ыдыс әкелесің деп, үлкен үйге жұмсады. Ойымда түк жоқ, үйге кіріп келсем, төрде алдында қағаз, қолында қаламы бар, бір үлкен адам отыр екен. Абай!.. Үлкен көзі мірдің оғындай, өткір екен. Жалт қарағанда, мен бір жағы ұялып, бір жағы қаймығып қорқып, қаша жөнеліппін. Абырой болғаны, бір қырымнан, бетімді Абайға бере есіктен шыққанымды білемін. Мұны көрген Абай Сүйінбайды шақырып алып, әдепті бала екен деп, менің жөнімді сұрапты. Ертеңінде Сүйінбай маған қойдың ішек-қарнын аршуды тапсырды. Жөндеп арши алмай, қыстығып жылап отыр едім, кешегі көрген үлкен кісі қасымнан өте берді. Мен көзімнің жасын сүртіп, иіліп түрегелдім. Менің жылағанымды көрген Абай, Сүйінбайды шақырып алып, мен Қорамжанды қорлыққа ұстауға көшіріп алғаным жоқ, ана жас келіншек соның келіні, орынсыз жұмсап жәбірлеп жылатқаныңды енді көрмейін депті“.

Бұдан соң жақсы киіндіріп, өз дастарқанында шай құюға қосады. Абай дүниеден көшкенге дейін, қыз, келіндерімен қатар осы үлкен үйде жүрген.

Мақып әже жасы тоқсаннан асып, осы беріде ғана қайтты. Абай туралы әңгімелеген кезінде жүзі нұрланып, қатты толқыр еді. Сондай сөздердің бір парасын немере қайны, кезінде Сәбит Дөнентаевтан бата алған, қуғында жүріп, барын жетістіре алмаған Бөпебай ақсақал арқылы жаздырып алып, өзім азғана уақыт қана басшылық жасаған “Жалын” альманағында жарияладым (1970, N5).

“Абайдың қайырымын пайдаланып, төңірегінде мүсәпір, мүгедек адамдар да көп жүретін, – дейді Мақып әже. – Соның бірі – панасыз, жарым ес, Абай үйінің тезегін теріп, отынын коритын Шәукімбай деген еді. Қонақтар көп келіп, терген тезегін жағып, азайта бергенді Абайдан көріп, бір күні бақырып сөйлеп жүр: “Қара бәлекет осы үйде не істеп, не бітіріп отырады! Күндіз-түні ел Абай, Абай деп қаптап келіп жатады. Ет асылады, шай қойылады. Абай болмаса, менің тезегім таусылар ма еді!” – дейді. Абай сонда: “Жұмысы, бұйымтайы жоқ, ел қыдырып, ет жеп, бергенді мақтап, бермегенді даттап, күле кіріп, күңірене шыққанның көбінен Шәукімбай жақсы. Айтқаны жөн. Шынында, Шәукімбай сияқтылардың еңбегін жегізіп, жанын күйгізетіндей мен не істеп, не бітіріп отырмын”, – деп көп күлді“.

Бұл сөздердің астар, мағынасы, негізгі салмағы мейірбан жанашырлықта емес, шетін ахуал, терең психологизмде жатыр. Жарымес Шәукімбайдың бар мұраты – тезек жинау, мейлінше көп жинау; тіпті, соның не үшін жиналатынын да ұмытқан. Отынының азаюын орынсыз

шығын әрі қайғы ретінде қабылдайды. Сонымен қатар, әлдебір таза түйсігімен осы қонақтардың көбінің бос қыдырмашы екенін аңдаған. Шәукімбаидың екі дай сезімін кәміл ұққан Абай осы күлкілі кептің өзінен ғибрат түйеді.

Мақып әже айтып кеткен тағы бір әңгіме:

“Абай адамның бір мінезі жаға қалса, жас баладай масаттанып, сүйінетін. Абай үйінің қойын сауатын Шүленбай дегеннің әйелі Дәмет бала мінезді аңғал адам болды. Дәмет тал түсте қой сауып отырып, қызына айғай салыпты: “Қанымкүл-ау, Қанымкүл, тезекке барам деп бүгін әуре болма, Абай-ағанның үйінен өзім отын ұрлап апарамын” деп.

Абай үйде отырып естіп: “Ұрының бәрі осы біздің Дәметтей болсашы, ұрлығын тапай тал түсте айғайлай айтып істейтін”, – деп, мәз болып күліп, Қанымкүлді шақыртып алып әйелі Еркежанға: “Қанымкүлді тезекке жіберіп әуре етпе, отынды біздің үйден алып тұрсын” деп тапсырды. Еркежанға айтып қант-шай, бауырсақ бергізіп (ол кездерде кедейлердің үйінде мұндай дәм болмайды) қайырды”.

Абайдың адамды бір ауыз сөзінен ұнатып, өзіне жақын тартып, демеп, қолдаған мысалдары көп. Сондай-ақ, елден ерек, өзгеше мінезді кісілерді қызықтайтын болған, оларға ықылас білдірген. Бұл реттегі ең айқын мысал – Қиясбай қисық пен Жұман қырт. Бұлардың жұрт алдында істеген ісі, Абай алдында айтқан сөздерінің кейбірі ғана бізге жеткен.

Ақшоқы мен Жидебайдың ара қашықтығын пәлен мың пәлен жүз “лә иллаһа” болады деп өлшеген, күн суытып кеткенде терезеден қарап тұрып, бәйбішесіне: “Қатын, боран соқты, мана үлкен дәретке отырып алғаным қандай жақсы болды!” – дейтін, бұдан басқа да қаншама зілсіз күлкіге себеп болған Жұманның әлдеқалай айта салған: “Бір ауыз сөз үшін мені қырт дейсіндер, біле білсеңдер, ең үлкен қырт Абай емес пе, жұртты жиып алып, ертеден кешке дейін жалғыз өзі сөйлейді де отырады”, – деген кебі еске түскен сайын Абай мәз-мәйрам болады екен.

Жұман сөздері аңғалдық пен тоғышарлық түйіскен, көне қазақ заманына ғана тиесілі лепес болса, Қиясбайдың сөзі мен әрекеті аңғалдық кебіндегі сайқымазақ, астарлы қалжың. Бұл да қамсыз заман жемісі.

Қиясбай туралы әңгіме көп. Кейінгілер сал, сері дәрежесіне көтеріп қойды. Өнерден мақрұм емес, бірақ серілікке жетпеген, салдық жолға түспеген. Диуанаға жақын. Бірақ діннен алыс, тіршілігі басқа, яғни, диуана да емес. Біздің ақсақалдар Қиясбайдың аз-маз шалығы бар еді дейтін. Түр-тұлғасы: зор денелі, көріксіз кісі екен, қызылды-жасылды, әлем-жәлем киінеді, дүрия, шағи, құрым мен елтірі аралас, пішімі өзгеше, сүйретілген, алым-салым, олпы-солпы, әйтеуір елден ерек. Көбіне балалармен ойнайды, үлкендерді қағытады, ешкімнің мансап-дәрежесі, кәрі-жасына қарамайды; аяғын салактатып тай мінеді, бәйгеге ат жаратады, домбыра, сыбызғы тартады – дәулескер күйші. Қайда да қисық-қыңыр сөйлейді. Заманнан опа таппаған, өмірдің уайым, қайғысыз, қам, қарекетсіз, сыбай-салтаң қалыбын күйттеген пәруайсыз жан. Сол Қиясбайды Абай айрықша еркелеткен. Жүрген жүрісін, айтқан сөзінің бәрін қызықтаған.

Әдепкі бір мысал.

“Бірде Абай үй ішіндегі балаларға есеп-қисап жөнінде айтып отыр еді, шынтақтап жатқан Қиясбай: “Абай-аға, сен есеп-қисап білесің бе?” деді. “Аздап, Қиясеке”, – деді Абай. “Аздап білсең екі жүз ешкінің мүйізі қанша болады?”. “Төрт жүз болады да, Қиясеке”. Қиясбай: “Пәлі, Абай-аға, сен де есеп білемін деп мақтанасың-ау! Сонша көп ешкінің ішінде мүйізі жоқ тоқалы, мүйізі сынған кемдері болмай ма екен!” дегенде үй іші қыран топан күлкіге батты”. (Мақып әженің айтуы бойынша).

Батыста да, Шығыста да патша сарайларымен қатар, әмір, бектердің ордасында да сайқыларға айрықша мән берген. Олардың әзіл, қалжыңы, кекесін, мазағы көңіл көтерумен қатар, қарашы жұрттың, жақын төңіректің ой ауаны, пиғыл-ниетінен де белгі беріп отырған. Абай әмірші емес, ақын. Заманның бар салмағын арқалап отырған алып. Тұнжыр дүниеде ауыр ойдан серпілер бір сәттік күлкінің қадірін жақсы білген. Сондықтан да Қиясбайды еркелетіп, Жұманды қызықтап, тағы бір кейіптегі кісілерді қорғаштап отырған. Осының бәрі, түптеп келгенде қазақтың даласындай дарқан кеңдік, риясыз шапағат көрінісі.

Сонымен қатар, Абай мінезінің тағы бір белгісі – досқа адалдық, адамға сенгіштік. Абайдың бұл қасиетін көп жұрт теріске бұрған, дұшпандарының өзі пайдаланған. Мұның айқын мысалы – Оспан болыстықтан жығылған төтенше оқиғадағы ежелгі дос Ерболдың опасыз аярлығы. “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, – Алдамаған кім қалды тірі жанда”, – деген Абай, бір суынса, қайыра жібімеген. Шын мәнісінде, Абайдың қимас серік, жанашыр досы жоқ екен. “Ақында адамзаттан дос болмайды, – Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына”, – деп Мағжан тауып айтқан. Құдайға жарасқан жалғыздық – Ұлылардың да кесімді тағдыры.

6

Абай жалғанның қасіретімен қатар, бар қызығын да көрген адам. Ата қазақта: “Азаматтың қайғысы сұлудың қойнында, тұлпардың тұяғында, сұңқардың қияғында қалады” деген сөз бар. Алданыш, жан тынысы. Суыған көңілге жылы леп, қажыған денеге қосымша күш беретін демеу.

“Сұлуды сүйемектік – Пайғамбар сүннеті”, – деген Абайдың өзі. “Сенсің жан ләззәті, – Сенсің, тән шәрбәті...” – дейді.

Әуелгі ғашығы – Сүйіндік қызы Тоғжан. Жалындап табысқан, қаймағын қалқыған, арманда айрылған. Қазақ жөнімен алғанда қосылуы мүмкін емес еді.

Құдай қосқан зайыбы – Қаз дауысты Қазыбектің бесінші ұрпағы, асыл текті, ақылды Ділда. Абайдың сүйегін сақтаған Ақылбай, Әбдрахман, Мағауия сияқты балаларының анасы. Абай Ділдаға айрықша махаббатты болған, сыйлаған, құрмет тұтқан. Тура он бес жыл бойы кішілікке ешкімді алмауы – кездейсоқ емес. Ол заманда екінші әйел – әдепкі жағдай, ауқатты адамдар ұзаққа созбаған, ал Құнанбайдың басқа балаларының қатарымен түсірген жайы бар. Абайдан екі жыл бұрын

дүниеге келіп, жиырма жыл соң өлген Ділда өмірінің ақырына дейін Абайдың Ақшоқыдағы үлкен үйін күзетті, Совет өкіметінің Құнанбай әулетін қудалау, Абай ұрпақтарына қысас саясатының алғы толқынын басынан өткеріп, қапада көз жұмды. Ділда жақсы мінезімен, қоңсыға жайлы кеңдігі, жалшыға мейірбан жомарттығымен ел есінде қалған. Біздің ақсақалдар Ділда шешеміз дөңгелек бет, бота көз, қыр мұрын, қызыл шырайлы, қазақтың қас сұлуы болатын, Әйгерімнен әлдеқайда көрікті еді деп айтатын.

Абайдың екінші, кездейсоқ көріп, әніне сүйсініп, сымбатына қызығып көңіл қосқан, жүкті болып қалған соң аяушылықпен әрі ерікті қалауымен алған әйелі – Әйгерім. Бұл кезде Абай отыз бір жаста, Әйгерім он тоғызда екен. Абайдың тоқал түсіруіне Ділданың өзі бейіл берген, алғашқы сәбиі туып, емшектен шығар-шықпаста, ежелгі жора, қазақы кеңдікпен бауырына салып алған. Жұртшылық санасындағы Әйгерім – Әуезов романының әдеби кейіпкері; Әйгерім ғана емес, Ділда туралы, жалпы Абай шаңырағы, Құнанбай әулеті, Ырғызбай табы туралы бүгінгі ұғым осы роман әсерімен қалыптасқан, – өмірлік, тарихи шындыққа қабыса бермейді. Әйткенмен, әдеби Әйгерім тарихи Әйгерімнен тым алшақ емес. Жас тоқал дүниенің сыры, тіршіліктің мәніне қаныққан, ақыл тоқтатқан Абай өміріне жаңа дес, самалды тыныс әкелуі анық. Ұлы ақындар мұрасындағы сырлы әуездердің әрқайсысының нақты бір тетік, тірегі болуы шарт емес, негізгі, арналы бұлақ – ақынның көңілі мен қиялы, десе де, Абайдың махаббат жырларының кейбірі Әйгерімге қатысты екені сөзсіз. Әйгерім балаларының ішінде атқа шыққаны – Турағұл болды.

Әйгерім бейнесі – романтикалық, әсіре сыпатта ақынның нақ сүйер, бірден-бір қосағы ретінде әдебиетке еңсе, жұрт санасына орнықса, Абайдың қырық жеті жасында, 1892 жылы әменгерлік жөнімен алған үшінші әйелі Еркежан соңғы кезге дейін көлеңкеде, мүлде дерлік ұмыт қалды. Құнанбай қажы, билігі жүріп тұрған кезінде, ел аралап шыққан бір сапарында жас Еркежанды өз көзімен көріп, ұнатып, сүйікті ұлы Оспанға айттырған екен. Оспанның жылы өткерілген соң, қазақ рәсімі бойынша, жесір ең жақын әменгерлер ішінен таңдау жасайды, Еркежан Абайды қалаған. Ақынның ең соңғы, жемісті, байсал, кемел, қайғы-қасыретті, азапты, азалы он екі жыл өмірі осы Еркежан отауында өткерілді. Абаймен жарасқан жылы отыз төрт жасқа жаңа шыққан Еркежан бала көтермейді, бірақ қойны ыстық жар ғана емес, түсіністі дос, сүйеніш серік бола білді. Еркежан Абайдан соң тағы да жиырма үш жыл жасап, ақынның артын күткен, алдымен Әйгерімді, содан соң Ділданы өз қолымен жөнелткен, ағайын-туысқа ұйтқы болып, ел-жұртының батасын алған.

Бұл үш әйел Абайды қалай қасиет тұтса, бір-бірін де соншалық сыйлаған, үшеуі де барлық уақытта Абай тарабынан үлкен құрметте болған. Ұлы ақын, советтік заманда жазылғандай, бірін тапап, екіншісіне бас ұрып, әуелгісін тастап, кейінгісіне дара қосылып, коммунистік құлықпен жүрген жоқ. Ата салтын, шарифат жолын ұстанды. Әйелдер кезегімен түсті, полигамиялық үйелмен жорасымен, әрқайсысы өз орнында болды. Ақын өмірінің ең соңғы сәтіне дейін үлкен шаңырақтың

береке-бірлігі бұзылмаған, ақын өлімінен соң күндестік – туыстыққа ұласып, апалы-сіңілілі, арман-тәубалы, тату күн кешкен.

Әуелде екі әйелге тоқтаған, кейінірек, тағдыр жетегімен үшіншісін алған Абайдың албырт шақтан аға жасына дейін, әр кезде, әрқилы жағдайда ынтығы ауған, көңіл қосқан кейбір қыз, келіншектері туралы да емескі мағлұматтар сақталған. Бұл азғана әңгімелердің өзінен Абайдың тазалығы мен талғамы, сұлулық туралы биік мұраты, әйел затына деген айрықша құрметі танылады.

Тоғжанмен тәттілескен кезінде Абай әзір үйленбеген жас бозбала. Ділдамен қосылғаннан соң, атаққа шығып, абыройы көтеріле бастаған шағында, жиырма екі-жиырма үш жасында көркіне парасаты сай, әрі ақын, әрі білімдар, ерке әрі өжет, өзгеше тұрпатты бір қызға кездескен. Ол – найман Қу дауысты Құттыбай әулеті, Сабырбай қызы Қуандық. Абай арнайы іздеп барады. Бірден жарастық тапқан. Сөздері ұнасып, демдері араласқан. Абай Қуандыққа үйленемін деген ниетпен аттанады. Ал қыздың басы бос емес, атастырған жері бар. Бұзуға мүмкін, бірақ шырғалаңы көп. Сірә, Қүнекең баласының бұл ісін мақұлдамаған сияқты, онсыз іс бітпес еді. Әлде Қуандық көзден кеткен соң Абайдың өзі де салғырт тартты ма. Әйтеуір әуелгі уәде аяқсыз қалады.

Абай – Қуандық арасындағы махаббат ел ішінде тілектес, түсіністі талай әңгімеге арқау болған. Жастық желік емес, тағдыр ісі, әсерлі хикая ретінде бой көрсетеді. Абаймен салыстырғанда, кім де болса сынға толмайды, бірақ қалыптасқан ұғым жаңсақ; аруақты ата, азулы тұқымнан шыққан Сабырбай ақынмен құда болған, Қуандық барған жер де сорлы емес, Керей ішіндегі белгілі ата, алған күйеуі Көбдік те кісілігі зор, жақсы жігіт болған. Ол, әрине, басқа бір тараптағы әңгіме. Біз көңіл беріп отырған Абай – Қуандық хикаясын Ырғызбай табынан шыққан шежіре қарт Ниязбек Алдажаров былайша жалғастырады, бұл сөзді өзінің әкесінің аузынан естіген екен.

“Қуандық атастырған жеріне барып, бірнеше балалы болып орта жасқа келгенде, астына мінгені қара жорға ат, қасында бір жолдасы бар, Ақшатаудағы төркініне бара жатып, осы өзіміз отырған Жәнібектегі Абай аулына келіпті. Абайдың қонақ күтушісі үйдің сыртына келген әйелді аттан түсіріп, құрмет көрсетпекші болса, әлгі әйел: “Абай үйде ме?” – депті. Күтуші: “Үйде” десе, әйел ат үстінде тұрып: “Мені Абайдың өзі түсіріп алсын”, – депті. Үйде отырған Абай: “Жарайды, Қуандық екен ғой”, – деп, даусынан танып, өзі сыртқа шығып, Қуандықты қолтықтап түсіріп, атын байлаған екен. Қуандықты өте қадірлеп қонақ етіп отырғанда, Абайдың әйеліне (Әйгерім болуға тиіс, – М.) Қуандық былай депті: “Сен қатын, қойқандай берме! Абайдың қолын сенен бұрын мен ұстағам”, – депті. Қуандықты аттандырғанда Абай бір жақсы ат жетектетіп, шапан кигізіпті. “Біздің дәм-тұзымыздың қосылмауына сен де, мен де жазықты емеспіз, ата дәстүрінен аса алмадық. Мынау сенің жолыңа сыйлық”, – деп Абай өзі Қуандықты аттандырып салған екен”. (“Жұлдыз”, 1992, N1, 102-бет).

Қуандық Абаймен бұдан соң да кездескен. Қартайғанша өкпесі тарқамағаны көрінеді. Қуандықтың ақын баласы Төлеу сондай бір жүздесу турасында айтып кеткен.

“Абай апамның алдына таяу келіп, қарсы алып, құшақтап амандасты. Елдің қандай игі жақсысы болсын, келген қонақты мұндай құрметпен қарсы алу Абайдың әдетінде жоқ екен. Ерткен жолдастарымызды қонақ үйге түсірді де, апам мен үш баласы бізді Абай өзі отырған үйге түсірді. Сол жылы Абайды Әбен сабады деген хабар елге тарап, Абайдың қатты жүдеп жүрген кезі екен.

Апам келгесін Абай көңілденіп, жайдары әңгімеге көшіп, қағытпа әзіл сөздерді көп айтып отырды. Екеуі де әзіл сөздерін біріне-бірі аямай батыра айтады... Абай мен апам екеуі ата шежіре айтысып, ұзақ таласқа кіріп кетті”.

Ақыры ойыннан от шығады. “... Апам недәуір шамданып қалды да: “Керейді кемітіп, мақтаймын деген Тобықтың не опа көрсетті саған? Алды-артыңа қарап сөйлесейші!” – деп тік кетті. “Ерді намыс өлтіреді деген. Ал бүгін сені Тобықтының бір иті сабап кетті, намысың болса, тұқымыңмен жақсы болсаң, Әбен сабағанда өліп кетпей, тірі неғып отырсың”, – деді.

Абайдың кескіні күп-күрең болып, түгі сыртына шыққандай, басын төмен салып, ауыр ойға батып, үнсіз қатып қалды. Ішімнен апамды атарға оғым болмай, Абайға осыншалық ауыр сөз айтқанына қатты намыстанып мен отырмын.

Әлден уақытта Абай ауыр күрсініп алып:

– Иә, солай, өлмей тірі отырмыз... Ал шынына келгенде, Қуандық, көп жайды бер жағынан жеңіл түсініп отырсың. Мен ес біліп, атқа мініп, ел ісіне араласқаннан бері осы сұм дүниеден онан да зор таяқты жеп, ауыр қорлықты көріп келем ғой. Мың түрлі бәле, жала, соққыдан болған қайғы, дерт іште жегідей боп жатыр ғой. Адам айуанның бір атасы, қанша ақылды, намысты болғанымен өмірдің тар соқпағына мойынсұнып, ноқталанбақ... Дүниеден көріп отырған осы күйік, осы қайғы менің де өмірімді ұрлап, өлімімді жақындатып жатқан жоқ па? – деді. Апам онан әрі үн қатқан жоқ, тыңдады да отырды”.

Бұдан соң Абай мен Қуандықтың әңгімесі байсалды қалыпқа көшеді, Абай өзінің “кәрілік, қайғы туралы кейбір өлеңдерін еске түсіріп” отырады, “әңгіме өлең жайына көшкенде” Қуандық: “Мынау баламның талабы жақсы” деп, Абайдан үлгі, өнеге сұрайды... Бұл, сірә, соңғы кездесулері болса керек. Әрең отырған Абайға ол да қартайған, кекті ғашығы жаңадан тағы қаншама салмақ түсіріп кеткенін көреміз.

Қуандық Абайдан үш-төрт жас кіші болса керек, сексен асып, Совет өкіметі орнаған, дүние бүліне бастаған кезде, ұзатылып келген жұрты – Дағандел болысында дүние салған. Баласы ақын Төлеу қуғын-сүргінге ұшырап, Ресейге қашқан, соғыс жылдарында Қазақстанға қайтып оралып, Мұхтар Әуезовтің көмегімен халық ақындары қатарына қосылған, әжептәуір атаққа шыққан. Абай турасында ақылды, мәнді, әдемі естелік қалдырған.

Абайдың енді бір құмары – Керей Сағындық қызы Бүбі. Онымен де жігітшілік жолында табысса керек. Бүбі кейін, Әділхан деген төреге күйеуге шыққаннан соң да ұмыта алмай жүріпті. Әділхан өлген соң басқа байға тимей, Абаймен қайта жалғасады. Бұл – Абайдың әбден орныққан, бәйбіше-тоқалды, атақ-мансапты кезі болса керек. Екеуі біраз уақыт бойы өлеңмен хат жолдасып тұрған. Абай Бүбіні шынымен-ақ тәуір көрген. Орта жастағы ақынның кейбір ғашықтық зар әуендері, мәселен, “Қор болды жаным“, “Сен мені не етесің“ – осы Бүбіге арналған деуге қисын бар. Бүбінің өзі де ескіше оқыған, шағатай поэзиясынан жақсы хабардар, арабша хатқа да, тілге де жетік әйел болғаны көрінеді. Сонымен қатар, сақталған өлең үзіктеріне (Ұлттық Ғылым академиясы Орталық кітапханасының қолжазбалар қоры – ҒАКҚ, 599-бума) қарағанда, шығыстық үлгідегі жап-жақсы ақын болғандығы көрінеді. Басқа да мұралары сақталса, он тоғызыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің жан-жақты сыпатын айқындайтын тұлғалардың бірі саналар еді.

Абай мұндай әрі ақын, әрі ақылды, білімдар, әрі мінезге бай, көрікті әйелді некелеп алуға аңсары ауған. Үйлі-баранды жағдайы бөгет емес, беделі және жүріп тұр, бірақ бұл кезде Абай тоқталған, ел ішіндегі даудамайдан біржола бой тартып, өлең сөздің тереңіне үңілген, таза шығармашылық жұмысқа бет қойған, ал бөтен елдің жесірін алу – мүмкін болғанымен, машақаты көп шаруа, көңілі күпті, екідай сезімде жүреді; ең бастысы – екі әйел бірдей қарсы болыпты. Ақыры Ділда Көкбайға қолқа салған екен, Абай мына қатынның өлеңіне айналып отыр ғой, сол жерінен бір мін тауып бер деп. Көкбай бірнеше күн сығалап, ақыры, Абай шамданатын ілгішек тапқан екен, ол – әйелдің “Маған иелік етпек болсаң, тезірек кел, білезік басқаға ауып кетпей тұрғанда” деген сөзі. Өлеңнің Қатпа, Мадияр ақсақалдар арқылы жеткен жазбасына қарағанда, әбес ештеңе жоқ, топ қарға ішінде қалған ақ сұңқар талапайға түсіп кетпесін деп, өз басындағы тайғақ ахуалды ескерту ғана. Бірақ Көкбай (жазба нұсқада басқа бір қу тілді кісі) Абайға: “Сен бұл әйелдің жалғыз нақсүйері емес екенсің, ойында тағы біреулер бар“, – дейді. Абай сонда ғана райынан қайтыпты. Негізгі себеп – тоқталған ақынның ақырғы нәтижесі күмәнді дау-шардан тартынуы болса керек. Әйтсе де, көңілі басылмай, көпке дейін қимай жүргені анық.

Абай өмірінде, оның қаламгерлік ғұмырында өзіндік орны болған айтулы әйелдер осы: некелі үшеу – Ділда, Әйгерім, Еркежан және некесіз үшеу – әр кездегі ғашық, ашына, көңілдестер: Тоғжан, Қуандық, Бүбі. Әрқайсы әркілы сыр, сымбаты, мінез, қылығы, өнері, ақыл, парасатымен Абайдың фәнилік және ақындық өмірінен өзіндік орын алған. Бәрі де ықылас, құрметпен, батамен, дұғамен еске алуға лайық.

Абай жасы тоқтағанға дейін қазақтың дәстүрлі аңшылық өнерін қатты қызықтаған. Қыста Шыңғыстың Сыртына салбурынға шығады екен. Қыран қайырған құсбегі, тазы ұстаған аңшы, түзу мылтық мергендерімен,

соғымы, сойысы, барлық керек-жарағын алып, бірнеше қоспен барады. Арқар, бөкен атып, қасқыр, түлкі алып, үздіксіз сонар, әңгіме, кеңес, сейіл үстінде ұзағынан – бір ай, екі ай жүріп қайтады екен (Көкбай естелігі, – “Жүрегімнің түбіне терең бойла, А., 1995) Абай құмартқан аңшылық дәтке қуат қана емес, өнерге өріс бергенін көреміз. “Қан сонарда бүркітші шығады аңға” – көзбен көрген, көңілмен түйсінген сурет.

Ақынның айрықша бейіл бергені – қыран құс. Елге танылған талай бүркітті қолынан өткереді. Өзінің саятшылары арқылы құз-киядан балапандай алғызып баптаған “қолбала”, еркін ұшып, кемеліне келген кезде ұсталған “түзден түскен” бүркіттері өз алдына, ел ішінде, құлак естір, ат жетер жерде әлденендей бір құс бар десе, қолқалап сұратады, көбіне бодауына алады. Мәселен, Найман Тулақ деген құсбегінің Шолақ деген бүркітін қоймай жүріп қашыртып алғызып, төлеміне он түйе беріпті. Байлық емес, құмарлық көрінісі. Кейін Шолақтан асқан құс көрмедім деген екен.

Ата қазақтың екінші бір өнері – ат бәйгесі. Абай жүйрік аттың да не бір түрін қолынан өткерген. Әлдебір жерде сондай тұлпар бар десе, қоймаған. Қалап алған, сатып алған. “Бір жылы жайлауда біреудің Қоңырқасқа атын бес құлынды бие беріп алды да, оған көңілі толмай, Бауырға түскенде бес түйе беріп, Қуқұла деген, Қаракесекте атағы шыққан атты алды”, – деп жазады ақынның ұлы Турағұл (“Жүрегімнің түбіне терең бойла”, А., 1995). Найман Мұрын ішінде Бұлан дегеннің асына барған Абай бәйгеден келген Кедейқұла деген атқа қызығып, төлеміне бес түйе береді, жүйрікті алған жерде, ат иесі баласына қаратып: енді елге қалай барар екеміз, дегенде, Абай тағы бір ат бергізеді (Мадияр, Қатпа. – ҒАКҚ, 599; бұдан былайғы Уәсила, Кәмәлия естеліктері де сол қатарда).

Осы орайда, Ниязбек ақсақал арқылы жеткен бір әңгіме.

Абайдың Оразбай сыйлаған Кербесті деген аты, бәйгеге қосам деп баптап жүргенінде ұшты-күйлі жоғалады. Ары-бері іздеп таппайды. Ақыры, арада үш ай өткенде, ауылға киімі жұпыны бір адам жаман желқом ермен Кербестіні мініп келіп, Абайдан кешірім сұрайды. Бұл – Жігітек Ескене, аты-шулы ұры Балағаз екен. Атты ұрлыққа мініп, өзіне керегін тауып жүріпті. Кербестіні таныған жақын бір туысы: “Абайдың атын апарып бер, кешірім сұра”, – деп жіберген екен. Абай жөн-жосығын білген соң, енді не істейсің деп сұраса, әлгі адам: “Жаяу үйіме қайтам”, – депті. Абай Кербестіні мінгізіп, осы ат біржолата бергенім деп үйіне қайтарыпты.

Бұл кептің мәнісі – Абай ұрлыққа мінілген атты бәйгеге қоса алмайды. Екіншіден – аттың төлеуіне ұрлығыңды қой десе керек. Негізгі себеп – Балағаздың кінәсін мойындаған бір сәттік тәуір мінезінен үміт еткен кеңдік. (Бірақ Балағаз ұрлығын қоймайды, ақыры сүйегі Сібірде қалған.) Бұл, әрине, шетін жағдай.

Қыран құсқа, жүйрік атқа соншама құмартқан, қоймай жүріп қолына түсірген Абай сол құсын, сол жүйрігін көңілі қалаған, тәуір көрген кісісіне сыйлап бере салатын болған. Дүние үшін, атақ үшін емес, қызық

үшін алған, құмары тарқады, – енді игілігін басқалар көрсін дегені. Ең бастысы – қазақы жомарттығы.

Абайдың бұл мінезін бір қоңсы, қуақы ағайынның әзілге айналдырғаны бар. Әлдебір шағын тойда қатындардың жаяу жарысы болады. Өрімбек деген кісінің қырыққа келіп қалған, ұзынсырақ қатыны бірінші келіпті. Өрімбек сол сәтінде-ақ әйелін қолынан жетелеп, ала қашыпты, үйіне әкеп, есігін жауып, өзі сыртынан күзетіп отырады. “Мұның не, бәйгенді алмайсың ба”, – деген жұртқа: “Шапқамыз да жоқ, озғамыз да жоқ, бәйгең өзіңе, аулақ жүріңдер!” – дейді. Бұл сөздің мәнісін сұрағанда: “Менің қатыным бәйгеден келді деп Абай мен Оспан естісе, алып кетеді, өздері көп ұстамай тағы біреуге беріп жібереді...” – депті. (Әкебай ақсақалдың айтуы). Бұл әңгіменің кейінгі нұсқаларында Өрімбектің әйелін сұлу қылып қояды. Әзілдің астары әйелдің көркінде емес. Тіпті, әңгіме әйел туралы емес. Бәйге туралы. Ат туралы, құс туралы, ит туралы. Абай да дәл осылай ұққан. Елде жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы қоймайтын болыппыз, енді ағайынның өкпесіне қалмайық деп өзіне тоқтау беріп, мұны Оспанға да ескерткен екен (Мадияр, Қатпа).

Ежелгі қазақтың сән-салтанаты дегенде, Абайдың айрықша құмартқан тағы бір ісі – балуан баптау. Ас пен тойда Абайдың аты бәйгеден келсе, балуаны тағы жығуы керек. Таза қазақы мінез. Тек Абай үшін мұның бәрі мақтан ғана емес, қызық. Өйткені Абай жиын-тойсыз-ақ балуан күрестіре берген. Айлап баптаған, жыл бойы қолында ұстаған. Бұл реттегі Абайдың ең атақты балуаны – Керей Байқұда. Жаурыны жерге тимеген түйе балуан Байқұда туралы көп дерек, қызғылықты хикаялар сақталған. Абай Байқұданы Қарқаралыда, Семейде, Омбыда, Керекуде, ел ішіндегі атақты ас пен дүбірлі тойда талай күреске салған. Қазақты да, мұңғыл мен татарды да, орысты да жығып берген. Кейін алдына мал салып, басына үй тігіп, өз жұртына құрметпен қайтарған екен. Бұдан соң Тобықты Нұрмағамбетті күреске салады. Бірталай заман Найман Қартбай балуанды қолында ұстаған. Ол шау тарта бастағанда Керей Тәттімбетке көзі түседі. Қартбайға ризашылық айтып, сый-сияпатымен босатып, дайындалып отырған үлкен асқа осы, он сегіз жасар Тәттімбетті апарған екен. Әдеттегідей бұл жолы да Абайдың балуаны жығады (Мағауия Құрымбайұлының әңгімесі).

Аңшылық, бәйге, балуан күрес – мұның бәрі сырттағы сейіл. Абайдың үй ішінде, әсіресе, қартайған шағында, қысқы ұзақ кештерде оқу мен жазудан қажыған кездегі ермегі – дойбы мен тоғызқұмалақ болған.

Біздің шаңырақта сақталған тағы бір әңгіме. Құрымбай ақсақал жазғы жайлау – Байқошқар, Кеңқоныста отырған Абайға бір топ кісімен сәлем бере барыпты. Абай Еркежан бәйбішенің үйінде, Қарабатыр Баймұрын деген кісімен тоғызқұмалақ ойнап отыр екен. Сәлемшілер босағадан аттап, төрге шыққан соң Абай ойыннан шеттей берсе, Баймұрын: “Абай-аға, айналдырып бітейік... Абай-аға...” – деп қоймапты. Біздің Құрекең көз салса, Баймұрынның ойыны тәуір, анық еңсеріп тұрған екен: “Ұтылып отырсың ғой, несін ойнайсың”, – дейді. “Омай, онда өзің келе ғой”, – депті Баймұрын. “Құрымбай, ұтып тұр десен, қалғанын сен ойна”, – депті

Абайдың өзі де. Біздің Құрекең ойынға отырады. Қайткенде де Абай ұтылмауы керек. Ертең Баймұрын Абайдың өзін ұтқам деп мақтанбай ма. Құрекең қарсы жақтың құмалағын байыптап, бірер жүрістен соң тас көп жиналған ең бай ұяға түседі. “Берік!..” – дейді Баймұрын күліп. “Алым!” – дейді Құрымбай. Бұл сөздің мәнісі – жұп санды құмалақ жиналған ұя – берік, шауып алуға болмайды, ал құмалақ саны тақ болса, жүріс кезінде олжаға кетеді. Дауды шешу үшін санап көрсе, шынында да “алым“, яғни бір құмалағы кем. Есебін білетін Баймұрын бір тасымды ұрлады деп беттетпейді, қонақтың өне бойын, жан-жағын түгел тінтіп шығады. Тас табылмайды. Нәтижесінде Абай бастаған ойын, мана айтылғандай, шынында да ұтысты болып шығады. Тоғызқұмалаққа шебер Абайды өмірі ұтып көрмеген, енді осы жолы арманына тақап отырған Баймұрын ашуланып, үйден тұра жөнеліпті. Сонда Абай мырс етіп: “Апыр-ай, Керейдің мұрны да аттанысқа шығады екен-ау!...” – деген екен. Мана, жаңа бастағанда Құрымбай Баймұрынды сөзге алдандырып отырып, кезекті жүріс кезінде әлгі берік ұяның бір құмалағын қыстыра кетіп, мұрнын сипағанда танауына тығып жіберген екен дейді. Жаңағы мысқылды Абай екеуінен басқа ешкім түсінбей, бірге келген меймандар Құрымбай Абайдың ұтып отырған ойынын жеріне жеткізді деп қана ойласа керек.

Осындай, Абайдың тоғызқұмалақ, дойбы ойнағанына қатысты әңгімелер ел арасында көп болған. Ырғызбай Ниязбек ақсақалдан қалған бір хикая.

Қыстың алғашқы кезі, қар жауған мезгіл. Жидебайдағы Абай аулына түйеге артқан жүгі бар саудагер сарт келеді. Шай ішіп жайғасқаннан кейін Абай қонағына саудадан басқа не өнерің бар десе, қонағы ептеп дойбы ойнаймын депті. Бұл ауылдан мейман үзілген бе, дойбышы Ермағамбет те осында екен, қонақ сартпен ойынға отырады. Қонақ сарт жаушы-жаужаламға келтірмей ұтады. Бұл уақиға Абайдан бастап, ауыл адамдарын түгел дүрліктіреді. Өйткені, Ермағамбет атақты ойыншы. Тағы бірнеше рет ойнайды, сарт есе бермей ұта береді.

Осыдан кейін әбден намыстанғандары сонша, Ордада тұратын бір дойбышы бар екен, түн ішінде қос атпен соған кісі жіберіпті. Абай: “Тез, барып алып кел, сен келгенше біз жатпаймыз, тосамыз, тез жет“, – депті. Жіберген кісі түнделетіп Ордаға келіп, ауыл жатып қалған екен, келген адамын ұйықтап жатқан жерінен оятса, ана адамның зәресі ұшып, амансыңдар ма деп сұрапты. Келген кісі аманбыз, қорықпа деп, болған уақиғаны айтады. Абай ағам әбден намыстанып, түн ішінде қос атпен сені алып кел деп жіберді депті. Ана кісі ауылда кімдер бар еді, десе, Ермағамбет қонақ, оны да ұтып тырдай қылды дейді. Анау: “Ойбай-ау, мені Ермағамбет ұта береді, ол сарт мені екі шалымнан асырмайды, маскара болам, бармаймын“ десе, ат апарған кісі: “Түн ішінде сонша жерден келдім, Ермағамбеттен артықсың ба“ депті. Оның үстіне жіберіп отырған Абай, түн болса да амалсыз атқа қонады. Бұлар суыт жүріп, түн ортасы ауғанда келсе, жатпақ түгіл, кешкі асты да ішпепті. Ұтылса да кезек-кезек ойнап, сарттың сілесін қатырып отырса керек. Аналар кіріп

келгенде шешінуге мұрша бермей, дойбы тігеді. Сарттың да қалжыраған кезі екен, елдің бәрі анталап, не болар екен деп, аңсарлары дойбы ойыншыларында болыпты. Абайдың ойыншысы көп ойланып, бар ынтасын салса керек, сарт бұны да ығыстырып еңсере бастайды. Екеуі көп андысады, өлдім-талдым дегенде сартты ұтады.

Сонда сарт былай депті: “Енді бір рет ойналық, ұтылсам ана бір түйе тоғанағымды берейін” депті. Жалынып, жік-жаппар болыпты. Абай ойыншысына ойна десе ойнамапты. Сарт сыртқа шығып кеткенде: “Абай аға-ау, мен оны ойыншылығыммен ұтқан жоқпын, өзі қалжырап отырғанда бір дойбысын жылжытып жіберіп ұттым емес пе? Сіз мені қайта ойна дейсіз, онан да осы абыроймен қалғаным жөн емес пе” депті. Сөйтсе, бұл сарт өмірі дойбыдан ешкімнен жеңіліс таппаған адам екен.

Мәз боп күлген Абай бұл саудагерді екі-үш күн жатқызып тынықтырып, қасына кісі қосып беріп, ел аралап, шаруасын бітіруіне жағдай жасапты дейді.

Бұл әңгімеден Абайдың ғана емес, Абай аулының да мінезі айқын көрінеді. Дойбы мен тоғызқұмалақ – еріккеннің ермегі емес, үлкен өнер саналған. Әсіресе, қазақтың бірегей ұлттық ойыны тоғызқұмалаққа айрықша мән берілген. Абай ат жетер жердегі атақты ойыншыларды жинап, апталар бойы ұлан-асыр сайыс өткізетін болған. Бүгінгі тілге көшірсек, чемпионат. Жай уақытта да, әсіресе қыстың күні белгілі ойыншылар Абай аулына арнайы ат басын тіреп, әлденеше қонып, кезегімен ойнап, келіп, кетіп жатады екен. Жай ғана сайыс, жай ғана қонақ емес. Шеберлігі асқан, немесе жарлы-жакыбай ойыншыларға Абай ат мінгізген, соғым, сойыс берген, басқадай да көптеген сияпат жасап тұрған.

Қазақтың рухани қуатының барлық саласына бірдей ықылас білдірген Абай өнерді құрметтеуші, өнерпазға табынушы ғана емес, өнер қамқоры, өнер жебеушісі болды. Шапағаты өзгеше екен. Әсіресе тіл өнеріне. Ұстаздық тағылымы, жастарға үлгісі өз алдына, Абай ескі жыршы, байырғы ақындарды көп тыңдаған. Абай аулында апталап жатып, сый-сияпат көріп, ат мініп, түйе жетектеп кету – әдепкі жағдай. Кейде атақты ақындарды іздеп, арнайы шақыртып алғызған. Мәселен, осындай бір мейманы Кемпірбай ақынға ай бойы жыр айтқызған екен. Таным ғана емес, тағлым ғана емес, тыным, демалыс, алданыш.

Ақындар сияқты, атақты әнші, күйшілер де арнайы шақыртумен келіп жатқан, көбіне-көп өздері Абайды іздеп тапқан. Қазақтың екінші бір қиыры – алыс Көкшетаудан ат арытып жеткен Біржан салдың Абай аулына құрметті қонақ болып түсіп, жаз бойы бүкіл Шыңғыстауды сауық-сайранға бөлегені, қаншама үлгі тастап, үлкен сый-сияпатпен аттанғаны белгілі. Тағы бірде Абай Қарқаралыдан Мауқай деген әншіні арнайы шақыртып, жыл бойы қасында ұстайды. Уақ Мұқа жас бозбала кезінде сүйген қызын алып қашып, Абай ауылын паналайды да, өнері жағып, біржола орнығып қалады. Ақын, сазгер әрі әнші Керей Уәйіс, ол да ағайыннан қысым көріп, Абай ауылына қоныс аударады. Жасынан-ақ Алашқа аты жайылған, сегіз қырлы Әсет Абайдың алдын көріп, аулында

айлап жатып, әлденеше мәрте қайта соғып, ақындық тағылым алумен қатар, сырлы әуенімен жұрттың есін кетірген. Тобықтының өз ішінен шыққан әнші Әлмағамбет Абай әндерін ел арасына таратса, ұлы ақынның бел баласы Ақылбай, жақын бауыры, Майбасардың ұлы Мұхаметжан әншілік өнерді сазгерлікпен ұластырған. Бізге аты жетпеген тағы қаншама әнші, күйші Абай ауылын сауыққа бөлеген. (Абайдың өзі ән салмаған, домбыра тартпаған). Түптеп келгенде, осының бәрі Абайдың көкірегін кеңейтіп, тынысын тазартып, дәтіне қуат қосқаны, танымын арттырып, талайын көтергені күмәнсіз.

Қазақтың көне поэзиясын, ежелгі өнерін, бұрынғы-соңғы бүкіл рухани қазынасын бойына сіңірген Абай өзінің бар болмысымен таза ұлттық сыпатта қалыптасқан еді.

8

Абай да адам. Бірақ пенде емес, дарын мен түйсік, парасат пен мінез кабатынан дарыған өзгеше тұлға. Шығыстың даналығын, Батыстың білігін бір басына сыйғызған. Қазақтың бар қасиетін бойына құйған.

Әкесі – көзі тірісінде ел қамқоры, кемеңгер атанған Құнанбай қажы. Үлкен әкесі – алмағайып заманда Тобықтыны құраған Өскенбай би. Үлкен атасы – ерлік пен намыстан жаралған Ырғызбай. Өз анасы ақылды Ұлжан – Арғын Бертис би әулеті. Әжесі кемеңгер Зере – Найман Ағанас батырдың қызы. Үлкен әжесі – Өскенбай анасы, Ырғызбай бәйбішесі Ермек – Абылай ханның оң тізесін алған атакты батыр, ойратпен соғыстың ең ұлы қолбасшыларының бірі Керей Ер Жәнібектің қызы. Жетінші анасы – жетінші ата – Есім ханның айтулы батырларының бірі болған Сарының бәйбішесі Қоңыр-бике – Қатаған Тұрсын ханның қызы, Өз-Жәнібек хан, Шыңғыс хан әулеті. Қазақтың мың жылдық ең асыл қанынан жаралған текті Ибраһим, әрине, Абай ғана болуға тиіс еді! Абай сүйегінің ірілігін, ұлылығын аңдау үшін, ақыл мен өнер, кісілік, байлық, билік дарыған бүкіл Ырғызбай әулетін, Құнанбай тұқымын қараңыз: ақын-ойшылдар Шәкерім, Ақылбай, Мағауия, би-болыстар Оспан, Ысқақ, білімдар ағартушылар Халиолла, Әбдрахман, Кәкітай, Зият, Әрхам, Ахат, сазгер әнші Мұхаметжан, балуан Смағұл... Міне, осындай, неше ғасыр бойғы саналы, генетикалық сұрыптау нәтижесінде қалыптасқан асыл тұқым, жалғыз Ырғызбай-Құнанбай әулеті ғана емес, бүкіл Шыңғыс хан – Өз-Жәнібек – Абылай әулеті, алаштың бұдан басқа да жүздеген текті тұқымы Октябрь-орыс төңкерісінің жендет қылышы мен жеміт құрсағында кетті. Арыдағы Алаш тұлғаларының, Орданың игі жақсыларының мінез-құлық, жүріс-тұрысы, кісілік кейпі қандай болды, бұл – бүгінгі танымның өресі мен түйсігі жете бермейтін құбылыс. Сырттай алғанның өзінде. Ақын, ойшыл, қайраткер, сонымен қатар дала шонжары Абайдың тұлғасын тану тіпті күрделі. Бұл тұрғыда, өткен-кеткен әдебиет тарихына қарасақ, Шығыстағы Әлішер Науайы мен Батыстағы Гөте ойға оралар еді. Алман жұртындағы Вэймар-Эйзенах ұлысының бас министрі болған Гөтенің адамдық кейпі, кісілік мінезі

турасында қыруар дерек сақталған. Хорасан патшалығында бас уәзір болған Әлішер Науайыға қатысты мағлұмат та мол. Табиғи дарынға қоса, туа біткен бекзаттық, жасалған еңбекке орай, мінездегі ірілік, осының бәрінің үстіне биік мәртебе – ақылман кемеңгерлік аясында астасқан. Шәлкем-шалыс мінез, оғаш қылықтың өзі бойға сыйымды, табиғи жарасымды көрінеді. Бұл – Абайға да қатысты сөз.

Абай аса тәкаппар болған. Шамшыл, кіді болған. Басынан сөз асырмаған, бетіне жан келтірмеген. Тумысынан бірбеткей, дәті берік, діні қатты екен. Бұл мінез атаққа шықпаған, өспірім кезінен көрініс береді.

Әуелгі бір мысал. Мұхтар Әуезов айтады:

“Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшынбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайыны әдет бойынша “қалаған, сұрағаны бар ма?” деседі. Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, “батамды алсын!” дейді. Абай: “Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар” деп, Алшынбайға бармай кетіпті”. (Мұхтар Әуезов. Шығармалар жинағы. А., 1985, 20-том, 44-бет).

Бұл жерде мәселе асыл тұқымды бір үйір жылқыда ғана емес. Күйеу баласына онсыз да бата беруге тиіс Алшынбай қараулық танытып, қазақтың рәсімін бұзды. Он бес жасар Абай өз ісін оң санаған, соған орай қатқыл мінез көрсетеді.

Тумысы артық, тұрғысы биік Абай, сол жас кезінен-ақ өз заманындағы игі жақсы аталатын рубасы, белгілі адамдардың қай-қайсына да кеуде көрсетеді, орайы келгенде сөзден ұтып, жолдан жығып отырады. Әлбетте, әдептен аспайды, бірақ ешкімнің сақалына қарамаған. Абай туралы зерттеу еңбегінде Мұхтар Әуезов осы сыпатты тағы бір дерек тастаған.

“Абай... Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса Құнанбай құрбылас, өзі жуан-шонжардың бірі. “Шешен”, “жүйрік” деген де атағы болған. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Садуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: “Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен, ол Сағид бин Уақас – әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?” – депті. (Сонда, 42-бет).

Бұл енді, көпе-көрнеу соқтығу. Және әкесімен бастас кісінің алдын кесу – қазақ үшін қашанда шетін жайыт. Абай сол межеден оп-оңай аттап өтеді. Бар кілтипан жас перінің өрлігінде ғана емес. Шорманның Мұсасы – кезінде Кенесарыдан тайқып кетіп, Ресей өкіметіне айрықша жаққан, адал қызыметі үшін аса зор мәртебеге жеткен, қаншама шен-шекпен алған кісі. Кейінгі Сұлтанмахмұттың “Бір үйде жиюлы екен қазына мал... Жусак та тәнімізден кетер емес, – Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз” деген, отаршылдық зардаптары туралы айтылған сөзі – тікелей осы Шорман ұлы Мұсаға қатысты кеп. Құнанбай да патша әкімшілігінде болды, бірақ халқына қызымет жасауға тырысты, елді ұйыстырды, ұры-қарыға қарсы күресті, мешіт салды, мұсылманшылық жолын, қазақ жолын қастерледі. Ұлы Шоқанның нағашысы Мұсаның да игі істері жоқ емес, бірақ

көлеңкелі сыпаттары да мол. Абай, сірә, Мұсаны ұнатпаған. Әйтеуір сөзден ұту үшін ғана, тектен тек соқтықпаса керек.

Тағы да Мұхтар Әуезов арқылы жеткен сөз. “Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Ол көп елдің сынынша шешен, жүйрік адам. Сол Қаратай бір күні Абай бастаған жас жігіттердің үстіне келіп, бұлардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: “Сіздің заманыңызда көрші елдер арасында бір қол кісі болып жиналып, түн қатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан “әне алып кетті, міне алып кетті!” деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?” дегенде, Қаратай дау айтып келіп: “Менің заманым пайғамбар заманына жақын”, – депті. Бұған қарсы Абай: “Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбардың әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған”, депті. (Сонда, 41-42 беттер).

Бұл деректерді біз жас Абайдың шешендігі мен парасатының емес, мінез ерекшелігінің көрінісі ретінде келтіріп отырмыз. Және жас Абайдың ірілігінің әуелгі бір жарқылы ғана. “Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескендердің барлығына да Абай осы мінезді істей бастаған”, – дейді ұлы Мұхаң. (Сонда, 41-бет). Бірақ әке ауқымынан шықпағанын көреміз. Манағы әңгіме орайында Қаратай Құнекеңе шағынғанда Абай әке ренішін үнсіз тыңдап, сөз тоспаған соң қайыра дауласпаған. Осы арада М.Әуезов тұлғалаған Құнанбай – әдеби кейіпкер екенін тағы да еске салып, Абайдың әкесін айрықша жақсы көргенін айта кеткен жөн. Оған ұлы акынның Құнекеңе арнап жазған дәріп сөздері айғақ. “Бұл сыпатты қазақтан, – Дүниеге ешкім келмепті!” – деп түйіндейді ғой.

Әкеге тартқан бір мінез, жалпы ұлы адамдарға тән, кінәрат демейік, ерекшелік – Абай шамданшақ болған. Ашуы шұғыл, қайтымы қиын екен. (Турағұл, Уәсила, Әрхам...).

Біздің шаңырақта сақталған тағы бір әңгіме.

Абай ауылы Көпбейітке қонған соң қыстауы шектес Бұлқайыр деген бай Абайға сәлемдесе барады. Есіктен аттап, “Ассалау...” дей бергенде, босаға жақта отырған біреудің аяғына шалынып, сүрініп кетеді. Сәлемін аяқтамай: “Ененді... Бұтыңды жиып отырмайсың ба!” – десе керек. “Тоқта! – депті Абай, қолын созып, беттен қакқандай, алақанын тосып. – Сәлемі боктық сен кімсің?..” Абайдың ызбарына шыдамаған Бұлқайыр қолма-қол жуасып, құлдық ұрса керек. Бірақ Абай жібімепті. Сәлем орнына балағат айттың деп, ат-шапан айыпқа жығыпты. Бұлқайыр мойнына алады. Содан соң Абай: “Атың мен шапаның өзіңе, үйден шық!” – деген. Бұлқайыр осының алдында ғана біздің ақсақалға наразылық білдірген екен. “Құнанбай ұлын неге қондырдың!?” – деген. Оған біздің ақсақал: “Ит жеп жатқан жерді кісіден неге аяйын!” – десе керек. Сөз мәнісі – бұрын Бұлқайыр байдың малы Құрымбайдың қорығына жиі

түседі екен, енді керісінше, осы қорықта отырған Абай аулының малы Бұлқайырдың жеріне шығып кете берген. Абай осы әңгіменің шет жағасынан хабардар болған, немесе, байдың ашумен келген жағдайынан аңдаған. Қайткенде де, алдымен ат-шапан айыпқа кесу, оны өзіне қайырып беріп, үйден айдап шығу – әрі жаза, әрі мазақ – пайғамбардың сәлемін бұзған адам үшін лайықты кесім.

Абай әлдебір көшті ауылды таңертеңгі ұйқымды бұздың деп жазалы қылыпты деген сөз бар. Бажайлап қарасақ, бұл әңгіменің басқаша бір мәнісін танимыз. Қазақтың көші ерте көтеріледі. Сәнді, салтанатты керуен. Басшысы бар, қосшысы бар, жігіт-желең, қыз-келіншегі бар, үлкен шеру. Жай ғана қоныс аудару емес, думанды мереке. Бірақ қайткенде, қай уақытта болмасын, басқа бір ауылдың үстін басып өтуге тиіс емес. Мал араласады, ит таласады, ию-қию болады. Ал әлгі, айыпқа жығылған көш өзінің ерекше сән-салтанатын айғақтау, қыр көрсету үшін күн шығар-шықпастан, ұйқыда жатқан Абай ауылының іргесінен өтеді. Ешбір әдепке сыймаса керек. Қасақана желбуаз іс ашу туғызуы заңды.

Абайдың қаталдығына мысал ретінде аталас Кішекең руының бірнеше адамының айдалуы айтылады. Бұл кісілердің барлығы да баукеспе ұры, барымташы бүлік болған. Басбұзарлығымен шектен шыққан. Ешбір ақылға, ағайыншылыққа көнбеген. Ал осы топтағы Базаралының жөні тіпті бөлек. Барымташы, ұрылығының үстіне бұл тұлғалы, көрікті жігіттің Құнанбай тоқалы Нұрғаныммен ашына болғаны белгілі. Жасырын жігітшілік емес, бүкіл Ырғызбай әулетін қорлап, масқаралау ыңғайында, елге жария, дабыра жөнімен, ашық жүрген. Қаны қызу, діні қатты халықтарда мұндай қылық үшін бас кеседі. Қазақтың ағайыншылығы күшті, иі жұмсақ. Абай да шыдаудай шыдаған. Ақыры, Базаралы біржола бетімен кеткен кезде, қарақшылығы үшін айдауға іліндірген. Нұрғаныммен ашына болмаса да осылай тынар еді.

Абайға көп қиянат жасаған Күнту болыс болып тұрғанда айдаудан қашып келген Базаралының тағы бір “ерен ерлігі” – тапа-тал түсте Тәкежанның қосына шабуыл жасап, жылқышылардың бәрін ұрып-соғып, байлап тастап, іріктеп төрт жүз жылқы алып кетуі; бұл қарақшылықтың ақыры Жігітек руын біржола сорлатқан: олжа үлескен жұрт айыбын екі есе қылып қайырады; бұл ретте де Абай орыс заңына емес, қазақтың билер сотына жүгінеді, әйтпесе, тағы қаншама кісі Сібірге кетеді екен. Міне, осы имансыз Базаралыны ұры-қарыны үлгі тұтқан заманда қаһарман дәрежесіне дейін көтеріп алдық. Туған әкесінің, бүкіл әулет-жұрағатының намысын аяққа таптаған жанмен Абайдың өзін дос қылып, көркемдік, психологиялық тұрғыдан мүлде қисынсыз долбарға бардық. Жоқ, Абайдың кісілік туралы, әдет-салт, иба туралы ұғым-түсінігі мүлде басқаша – қазақтық, мұсылмандық, жалпы адамзаттық таным шеңберінде.

Абайдың қаталдығы – арамдыққа, жамандыққа қарсылық. Кісілік шегінен тысқары істің бәрі жазаға тартылуға лайық деп білген. Осыған керісінше, адалдық жолы, әділдік жөні қашанда қолдау тапқан. Абайдың ізгілігі, Абайдың мейірбандығы – Ата қазақтың дарқан кеңдігі, Ата қазақтың риясыз пейілі дер едік. Адамгершілік аясында, ұлттық сыпатта.

Соның бір ғана мысалы – отаршыл Ресей өкіметінің тезіне түскен, жазадан, айдаудан қашқан мұсылман баласына қамқорлығы. Еріксіз салдаттан қашқан татар жігіттерінің талайы Абай аулына біржола сіңісіп кеткен. Ал азаттық жолындағы күресте кіріптар болып Сібірге айдалған, ретін тауып бұғаудан босаған Қапқаздық азаматтар Абай ауылына жетсе болды, туыс ретінде, бауыр ретінде қабыл алынған. Айлап жатып, кейде қыстап, ес жиып, сапар сорабын анықтаған соң, ат мініп, керек-жарағын түгендеп, жөнекей хат алып, жырақтағы жұртына жол шегетін болған. Абайдың артында қалған бір баласы Турағұл өз естелігінде мұндай адамдар тізбегі үзілмей, тым құрса біреу-екеуден жыл сайын өтіп жатқанын, өзі көргенде ұзын саны шамамен он бестен асқанын айтады. Жай ғана келіп кетпеген, алыстағы ағайын жұрт туралы, орыс өкімі, бұғау мен қысас туралы қаншама әңгіме тастап кеткен. Абайдың адам деп соққан үлкен жүрегінен соның бәрі де өз орнын тауыпты.

Осы орайдағы Абай ізгілігінің тағы бір көрінісі – басы бос болса да еркіндігі жоқ, байлаусыз бекітіліп жер аударылған Ресей зиялыларымен ара қатынас. Өкімет тәртібіне шөлкес әрқилы іс-әрекеттері үшін ноқтаға түсіп, Қазақстанға ысырылған, патша әкімшілігінің әртүрлі қызыметіне жегілген Е.Михаэлис, Н.Долгополов, А.Леонтьев, П.Лобановский, С.Гросс сияқты білімдар, саналы еуропалық азаматтар жыл сайын Абай аулына арнайы шақырумен қонаққа келіп, дем алып, тыныс тауып қайтқан. Бұлардың “Абайға “ықпалы” туралы әңгіме – отарлық өктем идеологиядан туындаған ерікті жандайшап, еріксіз дүмше сананың ғана көрінісі, сонымен қатар, Абай бұл сауатты, пікірлі азаматтардан Ресейдің ішкі аймақтарындағы жағдай, әсіресе, кіріптар жұрт, отар халықтармен ара қатынас турасында, баспасөзден тыс бірталай мағлұмат алғаны күмәнсіз.

Абайдың абзал жүрегі адамзатқа ортақ еді. Ұлттық және діни бостандығын қорғаған Қапқаз мұсылмандарының жанкешті ерлігі, азаттығын қайтарып алу жолындағы күресте жапа шеккен поляк арыстарының азап, наласы, нәсілдік және отарлық езгіге мойымаған зұлыс зәңгілердің қажыр-қайраты, әлемде болып жатқан тағы қаншама хикмет Абайды үнемі толғандырған. Ал ең үлкен қасыреті – қалың елі қазағының мұң-мұқтажы, бүгінгі кембағал ахуал мен ертеңгі алмағайып тағдыры болыпты.

“Жүрісім, тұрысымның бәрі Абайша,
Абайдан кем боламын мен қалайша?!
Көп зәкүн, азғана ақыл өзімде бар,
Ашылған көкірегім кең сарайша!...” –

депті Ұлы адамның жасы кіші жақын досы Көкбай бірде, әзілге сүйеп. Әзіл сыртында масаттық та жоқ емес. Биікпен кім теңескісі келмеген. Абай орынсыз әзілге шынайы жауап ретінде:

“Мен боламын демендер,
Аяқты алшаң басқанға...
Бір ғылымнан басқаның
Бәрі кесел асқанға,” –

деп жазған.

Бар кілтипан жүріс-тұрыста емес. Бірақ жүріс-тұрыс, әдет-дағдысыз адамның өзіндік кейпі де жоқ. Көкбай өлеңіне қарағанда, Абайдың бар болмысы, оның ішінде жүріс-тұрысы жалпы жұрттан мүлде басқаша болған. Мұның кейбір сыпаттары турасында жолай айттық. Енді, қолда бар жұтаң деректер негізінде қадырынша сұлбалап көрейік.

Абайдың жас кезіндегі, сырт көзге бірден ұрған мінезі – тәкаппар менмендік. Тіке, шұғыл сөйлеу, кімді болмасын басып отыруға тырысу. Өмірдегі орнын танымаған, мәңгілік мұратымен табыспаған кездегі сыртқы толқын. Ақыл дариясы кенересіне жетіп, жасы тоқталған кезде байсал сабырға көшеді. Бірақ әлі де астам. Көп ұзамай, мәңгілік көркем шығармалары дүниеге келіп, өнері кемеліне толған шағында даналық кейіпке, әулие кебіне көшеді. Уақыт оза келе, уайым қабындап, ел мұңы жеке бас қайғысына астасқан шақта, өзі айтқандай, “іші өлген, сырты сау“, бар тіршілігі тұйық, иі жұмсақ, мінезі кешірімді, тәубасы мол, мұңды бейнеге айналғанын көреміз. Өзінің ойлы, сырлы, өрнекті жазуын алданыш қылады, құдай сөзі Құраннан сүйеніш табады. Бірақ “іші толған у мен өрт“ – оты күйдіріп, заһары құрсап, күн озған сайын ажал сағатын жақындата түскен. Соңғы алты жыл өмірді Дананың өз еркінен тыс бақилық медет пен ішкі қуат қана ұстап тұрғанын аңдар едік. Ақыры, бар үміт, бар тілегін тауысып, өлім сұраған кезінде ең соңғы жіптік те үзілді, Абай дүниеден қайтты.

Абай жас кезінен-ақ ақылмен, парасат, мінезімен ғана емес, сөйлеген сөзі, істеген ісімен ғана емес, жүріс-тұрысы, әдет-дағдысы, тіпті, киген киімімен де ерекше көрінген.

Үйлі-баранды болған, ел билігіне араласа бастаған жиырманың ішінде қалыпты қазақы үлгіден басқаша, орыс-еуропа ыңғайымен киінуге талап қылғаны бар. Бұл мінезін, алғаш кездесіп, сөз қағысқанда Сабырбай қызы Қуандық келемеж қылған. Әлбетте, ол замандағы дала қазағының қай-қайсына да сөлекет көрінер еді. Көп ұзамай Абайдың өзі де мұндай киім үлгісінен бас тартқан сияқты. Қазақы пішімдегі, бірақ ыңғайлы, ықшам киімге көшеді. Қырық екі жасындағы Абай бейнеленген П. Лобановский суретінде дөңгелек түйме, шолақ жағалы, қонымды бешпет, жиегі тік қызай тақия киіп отыр. Кейінгі, 1896 жылғы суретте қымбат матадан тігілген, кең пішімді қазақы шапан, жұмсақ былғары мәсі, бітеу балағы бүрмесіз, жұрынсыз мата шалбар, дөңгелек тақия киген, ақ көйлектің жағасы тік сияқты. 1903 жылғы суретте – жинақы тігілген, алдыңғы жағасы қиғаш, қайырма, түсі бозғылт көрінетін, сірә, көкшіл, немесе сұр шапан және дөңгелек тақия. Бұл – жаздық киімдері. Қыста да қазақы

үлгіден шықпаса керек, яғни ішік, тон, түлкі тымақ, саптама етік. Мұны ауызекі деректер де растайды.

Қартайған шағында, жазда, үйде отырғанда денеге ыңғайлы, жеңіл киінген. Баласы Турағұлдың айтуынша, басында тақия, көйлекшен отырады, сыртқа шыққанда шапан жамылады, ақ елтіріден тігіліп, төбесі көк сәтенмен тысталған бөркін киеді, еті салқындаса жамылатын, қара құлын терісімен жұрындалған сары тоны бар.

“Әкем кербез емес еді, бірақ киімді өте таза ұстап киетін”, – дейді Абайдың немере келіні Кәмәлия.

Немересі Уәсиланың естелігі:

“Жаздың күні әкем әміркен дейтін көзелден кебіс, мәсі, қара драптан шалбар, ақ репстен бешпет, желетке, басына тақия, оның сыртынан дөңгелек елтірі бөрік киетін. Атқа мінгенде мәлескеннен шапан киетін, жағасын барқытпен қайыратын, тобықты еліне көп таралған үлгі осы қайырма жаға шапан еді. Үйде ақ жолақ, жібек көйлек-дамбалмен отыратын, шымқай ақ көйлек кимейтін. Қысты күні саптама етік, шалбар, бешпет, желетке сыртынан мәуітімен тыстаған түлкі ішік, тымақ киетін. Ауылда жүргенде әдемі сары тон киетін. Жағасына, айнала етегіне қарай құлын терісін ұстайтын”.

Абай жас кезінде өзі орнықтыра алмаған жаңаша киім нұсқасын енді балаларына ғибрат етеді.

“Жаңа үлгімен істелген, сұлу киімнің үлгісін Тобықтыға біздің ауыл таратты. Шолақ бешпет, сым-шалбар, әміркен етікті ең алдымен біздің ауылдың жастары киіп еді. Ал, әкем жаңа киімдердің үлгісіне қарап өздерің де осындай киім тігіндер деп бізге ақыл айтатын. Басында, орысша киімдерді елдің кәрілері жек көретін еді, бешпеті кеудесін қысып тырттып, аяғын қарашы, қаздитып, мынау Абай өзі шоқынғанымен қоймай, балаларын да шоқындырды-ау, мына киімді кигенде балалар таз тырнаға ұксап тұрады екен, деп күлетін. Кейіннен орысша-татарша киімдердің жеңіл екенін, жүріп-тұруға ыңғайлы екенін көрген соң, жастардың көбі орысша бешпет, шалбар тіктіріп, сықырлауық етік алдырып киген соң, қарттардың да көзі үйренді, жаңа үлгімен істелген киім көңіліне қонды. Бірер жылдан кейін қазақ халқының өзінің төл киіміндей болып кетті”, – дейді Кәмәлия.

Енді тұрмыс, тіршілікке қатысты бірер дерек.

Молшылықта өскен Абай ғұмыр бойы дәулетті болды, 90-жылдардағы патша әкімшілігінің есебінше, қазақтың ірі байларының қатарында. Бірақ Абай қазақтың қатардағы байлары сияқты малға қарамаған. Есебін алмаған, пайдаға жұмсамаған. Тіпті, жылқысын түстеп танымаған. Баласы Турағұлдың айтуынша, қалаға барғанда базарда мал саудалап көрген емес, ең аяғы қалтасына акша салмайды екен, шаруаға қажетті керек-жарағын да білмейді. Мұның бәрі қызыметші, қосшылардың ісі. Және мұндай, сеніп тапсырған адамдарын тексеріп, қаражатын түгендемейді. Қала Абай үшін алыс әлеммен жалғасатын мәдени көпір ғана болған.

Абайдың ауыл-үйдегі кейбір әдет-дағдылары жайында. Турағұл естелігі:

“Түн болғанда әмсе біреуге ертегі айтқызып, я өзі айтып отырғыш әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тыңдап, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса айтып береді. Қазақ ертегісінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар, қазақтың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілесі, күндес елдері кім екені, қаракеті не екені, елдің арманы, білімнің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді деуші еді. Жас кезінде парсы жұртының ертегілерін, “Иәмшіт”, “Қаһарман” сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көргенде “Мың бір түн” кітабын оқып, алғаш біздің елді “Мың бір түнмен” таныстырған кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы Густав әмір сықылды әңгіме кітаптарды оқып, елді таныстырды, біздің ел “Мың бір түннен” жалығып, орыс романдарына әуестеніп кетті”.

Орыс қана емес, бүкіл Еуропаның озық әдебиеті. Оның ішінде Лесаж, Диккенс, Хаггард, Дюма романдары.

Көңіл аулау, уақыт өткізу ғана емес, ағартушылық жұмыстың бір саласы, қазақ жағдайындағы тиімді тәсілі. Сонымен қатар, сөз тәрбиесі, адамдық өнегесі.

Рухани өмірге жанас, жеке басқа қатысты бір жағдай – Абай баз-базында, оңаша отырып аллаға мұнажат етеді екен (Көкбай). Әйтсе де, бес уақыт намазды үнемі қадағалай бермеген. Бұл – рәсім, сыртқы көрініс жайы. “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген, таза исламдық дүние таным тұрғысынан жазылған өлеңдерді айтпағанда, “Китаб-тасдих” сияқты байыпты діни трактат қалдырған ақынның діндарлығында кіршік болмаса керек.

Абайдың ұлғайған кездегі әдепкі өмірінің бір күнін Кәкітай немересі Әрхам былай таңбалапты:

“Жасы елуден асқаннан кейін Абайдың тұрмысындағы әдет: ертемен сағат сегіз-тоғыздарда оянады. Тұрып, жуынып келген соң сүйекті ағаш төсектің алдына астына қалың көрпе төсеніп, бас жағына үлкен жастық қойғызып отырады. Үстіне бір қабат жеңіл киім, басына қазақша сырып тіккен тақия киеді. Үй салқын болса арқасына жеңіл шапан жамылады. Басқадай киім кимейді. Алдына дөңгелек стол қойып, ертеңгі шайды соған жасаттырады. Абайдың шай ішетін ыдысы – стақан, қант салып, суытып, екі стақан ғана шай ішеді. Үш-төрт бауырсақ, тоңазытып туралған екі-үш жапырақтай ет жейді. Шәйді жинап алысымен столға таза дастарқан жайылады, кітап, ақ қағаз, қарындаш қойылады. Олармен қатар беті ашық, сырты шойын қара сағаты, ұсақ жазған әріптерді ірі көрсететін томпақ шыны, насыбай салған мүйіз қара шақша тұрады. Бірақ, оларды көп қолданбайды, керек бола қалғанда ғана тиісінше пайдаланды. Абай шәй ішіп болған кезде шаруасы бар адамдар сәлем беріп кіріп жатады. Ондай адамдар болмаған жағдайда ауыл адамдары, көршілері, балалары, келіндері кіреді. Абай келгендермен әңгімелесіп, хал-жайын сұрасып, басты шаруа болмағанда жәй қалжың, әзіл сөздер айтып, құрбы, замандас адамдай күліп, дуылдасып отырады. Түскі сағат он екі болғанда көлденең адамдардың бәрін шығарып жіберіп, шымылдықты түсіртіп, сол отырған орнына жатып бір сағат ұйықтап тұрады.

Содан кейін бір стақан қымыз яки айран ішеді. Сағат екі шамасында ет келеді. Абай аса көп жемейді, орташа ғана жеп тоқтайды. Түстен кейін жұмыспен келушілер тарағанда, қоналқаға қалғандар қонақ үйге барып орналасады. Жаз күндерінде Абай көлеңкеге сырмақ, кілем төсетіп үйден шығып отырады. Күндегі әдеті бойынша мал баққандар, бие сауғандар, үй шаруасын істейтін әйел-еркек, қыз-келіншек, бозбалалар Абайдың айналасына келе бастайды. Абай олардың аздаған болса да білетұғын өнерлерін байқап, тапсырма береді. Біреуіне өлең оқытады, біреуіне ән салғызады, біріне күй тартқызады, кейбіріне тақпақ, жаңылтпаш, кейбіріне күлдіргі әзіл, қалжың айттырады. Қысқасы, әр адамның шама-шарқына қарай бойындағы талантын, қасиетін ортаға салғызады. Өзі де солармен бірге қызықтасып, күліп, рақаттанып отырады. Олардың жаңылғаны, қателескені болса айтып түзеп береді.

Шам жаға үйге кіріп, шәй ішіп болған соң, үйдегілерді шығарып жіберіп, оңаша қалып кітап оқуға кіріседі. Анда-санда қағазға жазып қойып отырады. Содан түндегі ет піскенде төрт-бес жапырақтай ет жеп, бір тостағандай сорпа ішеді“. (“Жұлдыз“ журналы, 1993, №6, 63-бет).

Ұйқысы шағын. Жалпы жұрттан кеш жатып, ерте тұрған (Турағұл). Ойдан, уайым-қайғыдан. Құс ұйқы емес. Ауық-ауық оянып, тұрып, қайтадан көз ілуге тырысқан. Түн баласын жайсыз өткерген (Әрхам). Қазіргі тілмен айтқанда, қан қысымы – гипертония. Асқынып, түбіне жеткен де осы дерт.

Табиғатында, Абайдың денсаулығы мықты болған сияқты, тағдыр соққысы бас көтертпеген ақырғы он жылда ғана әлсіреген, десе де, көлденең, атаулы сырқаттан аман, өмірінің соңғы күндері болмаса, ауырып, төсек тартып жатқаны туралы дерек жоқ.

Іште қаншама қайғы-зар болса да, сырттай қарағанда Абай қалыпты, байыпты ғұмыр кешкен. Өміріне тыныс қосқан – табиғи, қазақы тұрмыс кебі: кең дала, таза ауа, дәмді, нәрлі тағам, дарқан пейілді ел-жұрт, халық рухымен астас дәстүр-салт және, ең бастысы – өзі айтқандай, “Тәңірінің берген өнері“.

Осы, қазақы тіршілікке қатысты тағы бір деректер. Абай немересі Уәсила айтады:

“Март айы туып, қар кете бастағанда, киіз үй тіккізіп, жылы күні түскі тамақты киіз үйде отырып ішетін. Әкемнің бір қадеті күнде түскі тамақтан кейін, екі сағат мөлшері жатып ұйықтап алатын. Бірақ ұзақ жол жүрсе де, түнде көп отырып, ерте тұрса да, шаршадым деп, не әңгімеге, не жұмысқа ерінбейтін еді. Және қонаққа, жолаушыға ренжіген пенде емес еді. Кісі де босатпайтын, сонда да қонақтың, кісінің көп келгенін жақсы көретін, әсіресе сый кісі, ақын, әнші, күйші, өнерлі, құсбегі, үйші, ұста, ертекші келсе, бір жасап, масайрап қалатын.

Ауыл көшетін күні әкем ұраңқайға жататын (үш қанат киіз үй), ел жүкті артып болғанда тұрып шайын ішіп, тамақтанып атқа мінітетін. Ұраңқайды тез жығып, үш түйеге артып, басқа көштен бұрын апарып қондырып тігіп қоятын. Әкем көштен бұрын озып келіп, ұраңқайға түсіп жайланатын“.

Ақын Абай, бекзат Абай ең алдымен өз заманының перзенті. Бай, бағлан, мырза. Қаншама жалшы, малшысы бар. Қосшы, қолаңы бар. От қасы, жеке басында қаншама қызыметші. Баласы Турағұлдың осы орайдағы бір кебі. Атамыз таңертең төсектен тұрғанда біреу киімін киіндіреді, біреу арқасына шапанын жабады, есікті ашып, тысқа шығарады, қайтып келген соң тағы да есікті ашып үйге енгізіп, алдына шылапшынын тосып, құманмен қолына су құяды; біреу шайын құйып береді, біреу етін турап береді; ұйықтамақ болса, біреу төсегін салып, шақшасын бір жағына, орамалын бір жағына қойып, шешіндіріп, көрпесін үстіне жауып жатқызады... Қартайған кезі емес, қуаты қабындап тұрған қырықтың іші. Турағұл мұның бәрін масылдық, кемшілік санайды. Мұхтар Әуезовтің тілек, сұрауымен жазып берген естелігінде әкесінің басқа да міндерін іздеп табуға талап етеді. Абайдың шын бағасын танымағаны көрініп тұр. Біз айтар едік: Аспанда құдай мінсіз, Алашта Абай мінсіз. Жаңағы әдет, салт – ескі қоғамдағы әдепкі жағдай. Малың өзі бағып, отын өзі жақса, Абай – Абай болып шықпас еді. Науайы ауласын өзі сыпырыпты, Гөте асын өзі пісіріп ішіпті деген дерек жоқ. Қызыметшінің қақысы төленді ме – әңгіме сонда ғана. Ал Абайдың жомарт кеңдігі, мейірбан жанашырлығы күмәннен тыс.

Әлбетте, Абайды әулие дәрежесіне жеткізген – ала қағаз. Қалай оқып, ізденді, Шығысты қалай игеріп, Батысты қалай меңгерді, – бұл – қазақ әдебиеттану ғылымы әзірше ұғып жетпеген мәселе, әлі күнге “кім көзін ашты”, “кімге еліктеді” деген, құлдық, кембағал санадан туындаған былшылдан ұзап кеткеміз жоқ. Бұл арада Абайдың қазақ рухани тарихындағы айрықша орны жөнінде, айшықты жазуының мән-мағынасы, көркемдік бітімі, тіпті, сол жазудың сыртқы көрінісі, шығармашылық кілттипандары жөнінде сөз қозғау әңгіме тақырыбынан тыс. Ұлы ақын қалай жұмыс істеді деген тараптағы бірер дерекпен ғана шектелуге тура келеді.

Қолында өскен немересі Уәсиланың естелігі:

“Әкем көбінесе таңертең ерте тұрып жазу жазып, не кітап оқып отырушы еді. Түнде қонақтар мен үй адамдары жатқан соң, өзі жеке отырып оқитын, не жазатын, біз әкем ыңғай хат жазып отыра ма, болмаса құран оқып отыра ма деп танданушы едік. Кейіннен білдік, әкем өлең жазады екен әрі кітап оқиды екен. Үйде қонақ болса, не бір жаңалықты хабар болса, ондай уақытта кітап та оқымайтын, жазу да жазбайтын. Қызмет уақытында өте тыныштықты жақсы көретін”.

Атасының тәрбиесін көрген Әрхамның айтқаны:

“Абай күндіз оқуға, жазуға көп көңіл бөлмейтін. Кейбір кезі келіп қалғанда ғана бір-екі бет өлең яки қарасөз жазып тастайды. Әдетте кітап оқуы, жазуы шам жаққаннан кейін ғана болатын...” (“Жалын” альманағы, 1970, N5).

Естеліктің басқа бір нұсқасында осыған қосымша былай деген:

“Тегі күндіз жазбайын демейді, келімді-кетімді көп кісілерден қолы тимейтін болуы керек. Абай қаншалық оңашалықты тілесе де, алыс-жақын, ағайын, дос-жарандар біреуі арызын айтса, біреуі мұңын шаға

келіп жатады, олар Абайға жолығып ақыл-сөзін естімей кетпейді, сондай көпшілік адамдарды ырзалаумен уақыты өтіп жататын сияқты (“Жұлдыз”, 1993, №6, 63-бет).

Ендігі бір сөз, бұл тараптағы соңғы сөз – Абайдың қолжазбалары туралы. Мұхтар Әуезовтің өзі бас қойған, Абай өз мұрасының мұқият сақталуына мән бермеді, жинақтамады, жазған өлең жазған жерде қала берді деген теріс ұғым бар. Шындығында бәрі керісінше. Абай өзінің кім екенін жақсы білген, мұрасының мәңгі жасайтынына сенген. Биігін біледі, жауапкершілігі күшті, сондықтан әлдеқалай экспромтпен туа қалған кейбір арнау, әзіл өлеңдерді сақтауды құнттамаған, бірақ бар мұрасын топтап, қалың дәптерге өз қолымен жазып отырған. Яғни, қолжазба жыр кітабы – диуан; шығыста ақындық үрдіс, мұраны сақтау, болашақ ұрпаққа жеткізу дәстүрі осы үлгіде болды. Абайдың мұндай өлең дәптерін өз қолынан алып, ұзақ түн бойы оқып, таңертең аттанарда өз қолына қайтып бергенін Төлеу ақын куәландырып кеткен. Абайдың өз қолымен толтырылған диуан Мүрсейіт сияқты хатқа жүйрік кісілер тарабынан әлденеше мәрте көшіріліп, қаншама жаңа қолжазба кітаптар жасалған. Абайдың өзі таңбалаған қолжазба жинақтары қайда, одан да мәндісі – Абай мұрасының қандай бөлігі бізге жетпей қалуы мүмкін деген сауалдарға бүгінде нақты жауап табу қиын.

1903 жылы жазда Абайдың үйі Ресейдің ояздық әкімшілігі тарапынан тінтуге түсіп, ақынның барлық қолжазбалары тәркіленген. Көп қағаз қайтарылған, бірақ түгел қайтарылды ма? Біздің ойымызша, Абайдың өз қолымен жазылған ең толық диуан сол беті тұтқында кеткен. Тәптіштеп тексеру қажет еді, сол кездегі патша охранкасының әдеті бойынша, орыс тіліне жолма-жол тәржіма жасалып, неше мәрте сүзгіге түсуі шарт еді. Ресейдегі Балшабек бүлігі, одан соңғы азамат соғысы кезінде жойылып кетпесе, қиырдағы әлдебір архивтен жүз жылдан соң шыға келуі ғажап емес.

Тағы бір деректер бойынша, көп дүние Абайдың ескі орнындағы кездейсоқ өртте харап болған. Қалған-құтқаны әуелі ақтардың, содан соң қызылдардың талауына түскен.

Нәтижесінде, 1909 жылғы жинақ, және ауқымы одан да кең Мүрсейіт көшірмелері Абай мұрасының ең негізгі тұрғысы және ұйтқысы болып қалды. Әнет Баба әулеті Мүрсейіт болмағанда қайтетін едік?

Осы орайда, Абайдың өзіне тартып туған екі ұл – Мағауия мен Ақылбайдың қатарынан кетуі жалпы қазақ мәдениеті үшін ғана емес, нақты Абай мұрасы үшін орны толмас қаза болды. Ұлы ақынның бар дүниесі иесіз қалды. Шәкерім өз өлеңін қызықтап, шет жүрді, Абай әулетіндегі бас көтерер жалғыз еркек Турағұл лайықты мұрагер бола алмады, мақтаулы Кәкітайдың өзіне қаншама кінә артар едік. Бұлардың ең басты қатесі – салақтық деуге тиіспіз. Абайдың ұлылығы, Абай шығармаларының нақты мән-мағнасы, маңызы мен орны туралы ұғым, танымның кемдігінен туындаған немқұрайды бейқамдық. Абай мұрасын жинақтау туралы Әлихан Бөкейханов тарабынан мәселе көтерілген кезде ғана естерін жиып, әркімнің шалғайында кеткен қолжазбалар іздестіріле

бастайды. Өздерінің көпе-көрнеу салғырттығын ақтау үшін “Абай өз мұрасын жинамады” деген лақапты шығарған да осы, ең жақын кісілері. Десе де, барға тәуба айтайық.

Әлихан Бөкейхановтан бастау алған игілікті іс – Абай мұрасын Алаш жұртының алдына шығару – Мұхтар Әуезовтің жанқияр еңбегі, ақыл-парасаты мен қажыр-қайратының арқасында өзінің межелі жеріне жетті. Бірақ Абайдың ақырғы биігін тану үшін әлденеше ұрпақтың білігі қажет болады. Атамыздың ұлылығы да сонда.

10

1963 жыл, наурыз, Қазақ университетінің аспирантымын, алғашқы әңгімелер ғана жазылған, ұлттық әдебиеттің бастау тарихына арналған зерттеудің кілті табылмай тұрған, аяулы ұстазым профессор Бейсембай Кенжебаевпен бірге, жақында ғана Мұқан Төлебаевтың есіміне көшірілген Абай көшесінің тап-таза, тып-тыныш, жасыл саясында, әке мен бала арасындағы әдепкі әңгіме үстінде, ерсілі-қарсылы, баяу серуендеп жүргеміз. Қайта құлдап, Бейсекемнің үйінің тұсынан оза бере кері бұрылғанда, жинақы киінген, мұнтаздай таза, зор денелі, жасы елулер шамасындағы, өнді, аққұба кісімен беттесіп қалдық; қасында он-он екі жасар ұл баласы бар. Бейсекең екеуі қауқылдасып амандасып жатыр. Мен де сәлем бердім ғой деймін. Үй-іші, бала-шаға жайы, денсаулық – қазақы жөн сұрасудан кейін Бейсекең мені таныстырды: талапты шәкіртім, аты Мұхтар, фамилиясы Мағауин, өзіңе туыс, Шыңғыстаудан деді. Жаңағы кеуделі, иықты, мойны тұтас, жалпақ бет, кең маңдай, имек қас, аққұба кісі бір сәт маған жүз тоқтатып қарады. Көзі жанарлы, үлкен екен. Қалың қабағы дір етіп, жымиғандай болды. Жымиған жоқ, шырайы өзгеріссіз, тек қабағы, анық көрдім, оң жақ қабағы ғана болмашы дір етті – менің өне бойым шымырлап кеткендей еді, жүрегімнен басталған жылы толқын бүкіл денемді шарпып, бойға өзгеше бір дес құйғандай, байсалды барақат күйде тұрып қалыппын. Менің жүрегімді шым еткізген қабақ, көкірегіме нұр құйған жанар – Абай атамның өзі екен. Оны келер сәтте білдім. Арамыз айрылып, былай шыға бергенде Бейсекем айтты. “Танушы ма едің, – деді. – Абайдың шөбересі ғой, Ақылбайдан тараған, Бағфур...” Абай атамның шөбересі! Мен жаңағы ерекше ахуалдың сырын сонда ғана ұқтым. Сол сәтінде мерейім өсіп, биік мәртебе таптым. Игілікті жоралғы. Абай атам мені өз көзімен көрді, қабағымен танып, жүрегімен жалғасты – батасын қайталап, сенім білдірді: “Сөз ұстаған ұл туды!...” Дәл осылай деп түйсіндім. Абай атамның қабағы, Абай атамның көзі. Өзі! Есіме түскенде әлі күнге толқимын.

Кейін Абай атамның дауыл мен қарғыннан әлдеқалай аман қалған өзге де ұрпақтарын көрдім. Қазаққа тұлға болған басқа да ұлы бабаларымның тікелей тұқымдарын таныдым. Қай-қайсына да ілтипат-құрметім ерекше. Төріме шығарам. Төменірек отырам. Кейбірінің артық-ауыс мінезін де көтерген жағдайым болды. Көбіне, тіпті, әманда дейін, сыйластығымыз

жарасып тұрады. Бірақ ешқашан да баяғы бір ахуал қайталанбады. Бағфур ағамды да алғашқы және ең соңғы көруім екен. Екінші мәрте ұшырассақ, сағынысты, бірақ әдепкі кездесу ғана болар еді. Басқаша мүмкін де емес. Ғажайып қайталанбайды. Бір-ақ рет болады. Мен туардан небәрі отыз алты жыл бұрын ғана бақиға көшкен, шындығында қаншама заман, әлденеше ғасыр бұрын жасаған Абай атам өзінің тікелей ұрпағы арқылы менімен тірі қалпында үнсіз тілдескеннен соң бар ісімнің қиюы келіп, жолым оңғарыла бастады. Әуелі ғылымдағы түйін шешілді, бұдан соң көркем сөзге біржола бет қойдық. Міне, үш мүшелден асты, мүмкіндік шеңберінде, шама-шарық деңгейінде тыпырлап келеміз. Атамның сенімін ақтадым, бірақ аманатын түгел орындадым десем, асылық болар еді. Ал Атамның өзін тану... Мұхтар Әуезовтің де өресі жетпеген. Жетер еді – заманы төбесінен ұрып, аяғынан шалып отырды. Иығынан басып, шалғайынан тартты да тұрды. Бәрібір ұлы Абайды тұлғалап шықты. Ұлы Мұхтар болмаса, біз Абайды енді ғана танып жатар едік. Мұхаңнан соң жаңа, басқа бір Абай жасалмайды. Ендігі зерттеуші, ендігі ғасырдың міндеті – Сөздің Өзіне тигенін арқаланып, сол ұлы Абайдың алып жартас мүсінін айқындай түсу, бар бедерін қалпына келтіру. Біздің жазбалар да осы тараптағы жамау-жасқау ғана.

Хош. Сонымен, бәріміз білеміз дейтін Абайдың түр-тұлғасы, сыртқы кейпі қандай болған?

Мана, сөз басында айттық, Абайдың жұртқа белгілі суреті – ақынның елу бір жасында, 1896 жылы таңбаланған (А–1896 дейік). Бұдан соңғы нақты бір бейне – 1903 жыл, ауылда, үй-ішімен бірге түсірілген (А–1903). Абайдың бүгінгі ғылымға белгілі тағы бір сұлбасы – 1887 жыл, айдаудағы әуесқой суретші П.Лобановский қолдан салған сурет (Л–1887). Сонымен қатар, Абайдың түр-тұлғасы туралы бірлі-жарым ауызша деректер жеткен. Мұның бәрі, тіпті, жинақтап келгеннің өзінде, Абайдың сыртқы бейнесін толық тануға жеткіліксіз. Бірақ қолда барды ұқсата білсек, көп нәрсені қайыра ашқандай болар едік.

Жұртшылық санасындағы Абай – ең басты, 1896 жылғы сурет негізінде қалыптасқан. Қате жоқ. Бірақ... Қазіргі жарияға шығып жүрген Абай суреттерінің бәрі – көшірме, дәлірек айтсақ, көшірменің көшірмесі. Және баспаға берілер алдында қырнауға, өңдеуге түседі – яғни, ретушь жасалады. Нәтижесінде, әртүрлі кітаптағы Абай, заты бір болғанымен, өзара алыстай бастамақ. Әрбір келесі сурет тағы да, түпнұсқадан емес, осы басылымдар бойынша жасалады, ақыры, уақыт оза келе Абайдың түрі біршама өзгергенін байқар едік. Оның үстіне, Семейдегі Абай музейінде тұрған түпнұсқа уақыт таңбасымен сарғайған, көмескі тартқан тұстары бар, тіпті, анық, жап-жаңа суреттің өзінде түсірілген нүкте, бөлмедегі жарық, көлденең сәуле әсерінен адамның бет-бейнесі мен суреті арасында ұсақ-түйек, кейде аса мәнді айырмалар болып қалуы мүмкін. Сондықтан, Абайдың қолда бар түпнұсқа суреттерін өзара салғастырып, әрқайсысын жекелей тексеріп, нақты байламдар жасауға қажет болады.

Шын мәнісінде, біздің қолымызда жалғыз-ақ сурет – А–1896 ғана бар. А–1903 – ақынның қартайған, денсаулығы мүлде әлсіреп, рухани жағынан біржола күйреген кезінен елес береді, оның үстіне сурет сапасы тым төмен, Абай көлеңкелі, екінші қатарда отыр, бірақ барды нақтылауға, кейбір мүше, детальдарды анықтауға септігі мол. Л–1887– П. Лобановский салған сурет, әрине, фотография емес, көп жағдайда суретшінің көруі, бірақ нақты Абайдан бөтен, мүлде жат белгі танытпаса керек. Оның үстіне, Лобановскиймен кездескен Абай – қырыққа жаңа шыққан, ақындық, ойшылдық шырқау биігіне енді ғана өрлеген, қажымаған, қайтпаған Абай, дәстүрлі суреттегі тұлғасына дейін ұзақ тоғыз жыл бар; салыстырып қарасақ, арада жиырма-жиырма бес жыл озған сияқты, шынында да, кешкен өмір, түскен салмақ тұрғысынан алғанда, бір тоғыз емес, үш тоғыз. Яғни, Л–1887 – суретші қарындашының ұшымен азды-көпті екшеу-өзгеріске түскен нақты Абай деп тануға тиіспіз.

Бірі жас, бірі қартайған, әйтсе де қайтпаған екі нұсқа – А–1896 және Л–1887 суреттерге қарасақ, және жұртшылық жадындағы әңгімелерге жүгінсек, Абай кеуделі, зор денелі кісі болған. Жалпы, Құнанбайдың асыл тұқымы түгел ірі – Оспанның бойы екі метрдің маңайы, кейінгі Қажымұқан тұрғылас алып; Смағұл қапсағай денелі, сүзеген бұқаны мүйізінен бұрап жыққан ғажайып күшті кісі болған; Ақылбай да балуан, жас кезінде күреске түсіп жүрген; Шәкерім де ұзын бойлы, еңсегей. Абайдың бойы Оспан, немесе Смағұл сияқты тым зор болмаған, бірақ ортадан жоғары сияқты. Ірілігі екі баласының ортасында отырған қалпынан анық көрінеді. Лобановский суретінде қырық екі жастағы Абай жай ғана толық емес, денелі, алпамса. Жалпы, Абай ерте толысқан. Шорманның Мұсасы жиырманың ішіндегі Абайды алғаш көргенде шешендігіне таң қалып, сөзден ұтылып пұшайман болып, “бұл – ақырзаман адамы” дей келе, оның сыртқы тұлғасын “кебеже қарын, кең құрсақ, құлжа мойын төгерек” деп сыпаттайды (“Жалын” альманағы, 1970, N5). Дәстүрлі тіркес, бірақ арық-тұраққа айтылмаса керек.

Абай жас кезінде атқа жүргіш болыпты (Турағұл). Аң аулаған, құс салған, сейіл-серуен ғана емес, ел аралаған сапары көп (Әрхам, Қатпа...). Жасы ұлғая бастағанда қимыл-қозғалысы азаяды, көбіне қысы-жаз үйде отырады, көш үстінде, басқадай сирек сапарлар кезінде күймеге мінеді. Яғни, денесі бұрынғыдан да ауырлай түскен. Зады, Абайдың толықтығы – тумыстан, әйтпесе, тамақты талғап, шамалап қана ішеді екен (Турағұл, Әрхам).

Абайдың денесі ірі болса, басы одан да үлкен. Екі ұлының ортасындағы кейпіне қараңыз. Лобановскийдің суретінде де дене ірілігіне қарамастан, бастың айрықша үлкендігі көрініп тұр.

Мойны қысқа әрі жуан. Бұл да табиғи бітіс. Абайдың кісіге кеудесімен бұрылатынын айттық. Мойынның бітеулігі ғана емес, мінездің қаттылығы, тәкаппарлық.

Енді, Абайдың бет-бейнесін сараламас бұрын, мүмкіндігіне қарай, осы түр-тұлғаға, жаралмыс қасиет, мінезге қатысты кейбір сыртқы белгілерді шола кетелік.

Л–1887 және А–1896 суретте Абайдың отырысы салқам, өзіне сенім анық байқалады. Екеуінде де ойлы. Әуелгі суретте қажыр-қайрат сыртқа теуіп тұрса, кейінгісінде уайым-қайғы табы анық аңдалады. Денесі толық түсірілген бұл жалғыз суреттен көрінетіндей, Абайдың бар мүшесі бүтін, сирағы түзу, денемен салыстырғанда, аяғының кішкентай екендігі аңдалады. Бет-жүзінен соңғы, көзге көрінетін ашық мүше – екі қол ғана. Ендігі сөз осы қол туралы. Бұл ретте хирология (пальмистрия) қағидаларына жүгіну қажет болды.

Хирология – яғни, адам қолын, саусақтар сыпатын, алақандағы сызықтар мен таңбалар сырын зерттеп, белгілі бір кісінің болмысы, мінезі мен ақыл-парасаты, өткені мен болашағы, тұтастай алғанда, тағдыр жазуы туралы ой түйетін ғылым – Аристотель заманынан басталған, XX ғасырда Батыс әлемінде мейлінше дамыған өнер, адамтану ғылымының өзгеше бір саласы. Осы ғылымнан аз-маз хабардар, қатардағы хирологқа сөз берейік.

А–1896 суретте, екі ұлының ортасында биік орындықта отырған Абайдың сол қолы тізеден жоғары, қара санында жатыр, оң қолы, бас бармақ омырауға қыстырылған, кеудеде тұр. А–1903 суретте сол қолдың төрт саусағы көрінеді. А–1896 суретте екі қолдың да сырты жарым-жартылай шапан жеңінің астында қалған, ал А–1903 суретте қол сырты мүлде дерлік жабық. Жинақтайық: Абайдың сол қолының бес саусағы анық көрінеді; оң қолдың төрт саусағы өте жақсы таңбаланған, осы қолдың бас бармағының ортаңғы буыны да суретке түскен. Яғни, тоғыз жарым саусақ. Оның ішінде сол қолдың бас бармағы екі мәрте және жақсы таңбаланған, А–1903 суретте сол қолдың ортаңғы және сүк саусақтары екінші, үшінші буында көмескілеу көрінеді, аты жоқ пен шынашақтың сұлбасы ғана бар. Мұның бәрі – алақан сырты. Алақан іші суретке түспеген. Енді осы, таңбасы түскен саусақтардың бітісін қарастырайық.

Бір сәт Абайдың кім екенін ұмыталық. Немесе, қолдың Абайдікі екенін. Немесе, қолды қараған хиролог (пальмистр) Абайдың атын естімеген, суретін көрмеген делік. Сонымен...

Сол қол тізеден жоғары, байсал жатыр, оң қол кеудеде – салмақты, байыпты, өзіне сенімді, үлкен мәртебеге жеткен кісі.

Қолдың терісі жұқа, буындары жұмсақ екені байқалады – діни адам, ғұлама оқымысты, дарынды жазушы, жақсы дәрігер, білімдар юристерге тән сыпат, – ой өрісі кең, сезімтал, мейірбан кісі.

Тырнақ – адамның саулығының, бүкіл бітіс-болмысының терезесі, өкінішке қарай, суреттен олардың түр-түсі, құрылымы туралы мағлұмат ала алмаймыз, бірақ негізгі таңбасы көрініп тұр, күрек те емес, жалпақ та, қысқа да емес, ұзыншақ, нәзік – қара күш иесі емес, ден саулығы, қызыметі, шаруасы – ішкі қуаттан серпім алады.

Алақан домалақ та, еңсіз де емес, толымды, аз-маз ұзыншақ – қажырлы, жігерлі кісі; алақан сыртының көзге көрініп тұрған орталық

бөлігінен менмендік, табандылық, қайсарлық аңдалғандай. Ішкі бетін қарау мүмкін болса, таратып, нақтырақ айтар едік. Қолдың жалпы бітісі – әдемі, ұзыншақ, саусақ пен алақан үйлесімді жарастықта: бекзаттық, ақыл-парасат, күш-қуат қабындап тұр.

Саусақтардың орналасуы – иесінің өзгеше талайынан хабар береді. Бас бармақ төмен біткен, сұқ саусақпен арасы алшақ, бұл, әсіресе, А–1903 суретте айқын көрінеді: көкірегі даңғыл, пейілі кең, айрықша жомарт кісі, әр ісінде тәуелсіз, қандай да бір шектеуге шыдамайтын, еркіндікті сүйетін кісі. Ортан қол мен аты жоқ – бірге, оң қолда (А–1896) екеуі қосарланып тұр, – еркін ойлы, байыпшыл, сақ, десе де, бүгінінен ертеңінің қамы басым. Шынашақ екі қолда да бөлек жатыр – денсаулығы рухына сай емес.

Көзге көрініп тұрған тоғыз саусақтың да ұшы нәзік, сүйір – әсершіл, шұғыл, сұлулықты сүйеді, өнерге бейім, ең бастысы – рухы берік, көкірегі кең, ғарыштан қуат алады, ойы сергек.

Саусақтың буындары бітеу, бүртіксіз, он саусақ бірдей ұзыншақ, сүйрік, бірінші, екінші бунақтары ұзын – мұндай қол әдетте өнер адамдарына бітеді, парасат пен байып, интуиция мен талант, серпім мен шабыт қабатынан дарыды деген сөз, данышпандық белгісі; бірақ құдай берген бұл қасиеттер жүзеге асу үшін тағы қаншама шарт керек, нақты осы қол иесінің қаншалық нәтижеге жеткенін танимыз десек, әуелі сол жақ алақанды байыптап, одан соң оң жақ алақанды тексеру қажет болар еді, өкінішке қарай, бізде ондай мүмкіндік жоқ, бірақ мұндай қол жүз мыңнан, тіпті, миллионнан бір адамға ғана бітетіні анық.

Енді саусақтарды жекелей қарайық

Әдетте сұқ қол (Юпитер) мен аты жоқ (Аполлон) тепе-тең ұзындықта болады. Біздің кісіміздің аты жоқ саусағы сұқ қолдан көп ұзын, ортан қолға (Сатурн) тақау. Аты жоқтың мөлшерден тыс ұзындығы да өнер саласындағы өзгеше дарын көрсеткіші. Оның үстіне Аполлон Сатурнға құлай орнаған, керек десеңіз, сол қолдағы Аполлонның бірінші бунағы ортаға қарай қисая біткен – өмірі мен тағдыры өнерде деген сөз. Оң жақ шынашақтың (Меркурий) үстіңгі буынында қатқылдық байқалады, бәлкім, еркін бүгілмеуі де – өмір жолындағы үлкен бір соққыдан калған таңба. Тұтастай алғанда, екі қолдың шынашағы да иесінің нәзік жанын әйгілейді және денсаулығының тым мықты емесін көрсетеді. Оң қолдағы сұқ саусақ – иесінің өмірлік тәжірибесі мол, мінезі қатқыл адам екенін аңғартады. Бас бармақтың толымды, ұзыншақ алғашқы буыны, алқымы жіңішкелеу орта буыны бұл кісінің парасаттан туындаған шешімтал қайратын аңдатып тұр.

Тұтастай алғанда, қол иесі – айрықша дарынды, кең, мейірбан, жомарт, байыпты, шешімтал, парасаты зор, ақылы мол, өнер жолындағы ғажайып адам, өмірден соққы көрген, денсаулығы орта дәрежелі, рухы өзгеше қуатты жан, құдай берген қабілетін біршама іске асырған болуға тиіс, оған мінездегі ірілік пен ішкі қажыр-қайраты, ғарышпен жалғастығы дәлел, дегенмен, анығын ұстау, әрі толық тану үшін, алақанға қараса, шіркін; менің ойымша, сол жақ алақан – жазмыш – ғаламат болса керек,

оң жақ алақан – болмыс – бұл кісінің басынан өткен қиямет азап, сұмдық бөгесіндердің сұлбасын көрсетіп, әуелгі мүмкіндік, мол игіліктің қаншасы жүзеге асқанына куәлік берер еді, әттегене... – дейді тәжірибелі ғалым пальмистр.

Біз мұншама өкінбейміз, оң жақ алақан таңбасы – ұлы ақынның қазақ халқымен бірге жасайтын мәңгілік шығармалары, ал сол жақ алақан... иә... Абай барын берді деп айта алмаймыз. “Ой кіргелі тимеді ерік өзіме...” – деді ғой. “Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, – Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма...” Кінә жоқ, алғыс пен таңырқау ғана бар. Өзі айтқандай, “ақылы мен қайраты екі жақтап” алып шықты, Абайды жасаған – әуелгі жазмыш. Етектен тартса да, аяқтан шалып, маңдайдан қақса да Абай – Абай болды. Басқаша жөні жоқ еді. Абайды туғызған – халық, қалыптап шығарған – өзінің он саусағы, бейнелі емес, тура мағынасындағы лепес деп ұғыңыз.

Енді соңғы сөз, азғана сөз – ұлы ақынның бет бейнесі жөнінде.

Абайдың өңі қараторы болған (Төлеу және басқалар).

Басы үлкен дедік. Қазандай дейді ауызекі тілде. Үлкен және домалақ. Таза қазақы бітім.

Төбесі дөңгелене біткен. Шекесі толық. Маңдайы жазық. А–1896 суретте тақия киіп отыр, Л–1887 суреттен анық көрінеді, шашы қалың, маңдайы өте биік.

Атамыздың беті жалпақ болған. Табақтай. Суреттен де көрінеді, естелік, ауызекі әңгімеде де солай. Бұл да таза қазақы пішін.

Қасы ұзыншақ, бір қалыпты, имек, жаңа туған ай суретті. Қабағы қалың, бітік.

Көзі қара, үлкен, қиығы түзу. Ата қазақ, ежелгі түрік кейпі солай. Бұл үлкен, қара көз айрықша жанарлы, өткір болған (Турағұл, Мақып, Әрхам, т.б.). Абайдың жүзіне бет тоқтатып қарау қиын екен. Жалт қарағанда кім де болса, тұқырып, именіп қалады. Бірақ ызбар емес, мерей. Кеңес үстінде, жай сөйлегенде көзінен нұр, жүзінен шапағат төгіліп тұрар еді дейтін Абайды әлденеше рет көрген, алдында болып, сөзін тыңдаған менің үлкен әкем Мағауия.

А–1896 түпнұсқаға бажайлап қарағанда және Л–1887 суреттен анық көрініп тұрғандай, ақынның құлағы тым үлкен емес, кішкентай, жарғағы қалқимаған, шекеге жабыса біткен, үшкілдене құлайды, ал қауметі (сырғалығы) келте. Мұндай қиғаш қаумет сирек кездеседі, көбіне айрықша сұлу әйелдерге тән ерекшелік, – қалай болғанда да, Абайдың өзгеше бітісін айқындайтын мәнді белгі. Суретте көлеңкелеу, қазіргі компьютерге салғанда сырғалықтың келте, қиғаш кесімі анық көрінеді. Басқаша болуы мүмкін де емес. Құнекең Абайды еркелетіп, “қара шұнақ” деп атағаны белгілі. Шорманның Мұсасы жас Абайды алғаш көргенде: “Ағып тұрған бұлақ, екі құлағы шұнақ” деп сыпаттапты. Әрине, “шұнақ” – әсіре айтылған сөз. Десе де, қазіргі кейбір суреттерде қауметі салбыраған тебінгі құлақ етіп көрсету – ұлы ақынның табиғи түрін бұзып жіберген. Бұл ретте соңғы, 150 – мерекелік жинақтағы сурет біршама

нақтылық танытады, мұндағы құлақ, ұшы аз-маз қалқып кеткенімен, шынайыға жақын.

Абайдың жағы жалпақ, шықшыты шығыңқы, аузы кішкентай, ерні қатқыл, бұл, әсіресе, оншама толыспаған және қайтпаған қырық екі жасындағы Л–1887 бейнеден айқынырақ көрінеді. Таң қаларлық бір жағдай – елуден өте бере тісі кеткен. Көп қаражат шығарып, тоғыз тісті протез салғызған (Төлеу). Абайдың бұл жасанды тістерінің жұрнағы қазір Жидебайдағы музей-үйінде тұр.

Абай тумысында қаба сақалды болған. Түгі мол екен (Әрхам, т.б.). Жалпы, түк, оның ішінде қол сыртының түгі – қажыр-қайрат белгісі саналады. Еуропа жұртының түсінігі. Біз – басқа нәсіл. Адамзат соғыстарының тарихындағы ең ұлы қолбасы Сүбітай баһадүр – көсе болған. Кейінгі, Шұбыртпалы Ағыбай батыр да көсе екен. Біздің түрік-моңғол жұрты сондай. Біз үшін түк – сыртқы белгі ғана. Абай қаба сақал болды, бірақ сол сақалын еркін жіберді ме? Бұл орайда А–1896 суретте күмән бар – көйлектің жағасы ма, көлеңке ме, самайы басылмаған тәрізді көрінеді. Мұхтар Әуезов жақсы білсе керек, сондықтан да Абай суреті қазақы мұрт, келте сақалды, қазіргі үйреншікті кейіпте қалыптасты. Анығы да осы болар. Л–1887 суретте дәл солай. Тек шоқша сақалы қысқа, ата сақал анық көрінеді, сақалға иіле жалғасқан мұрты да басыңқы. Яғни, қазіргі, дәстүрлі суреттегі сақал-мұртта қате жоқ.

Қате, қате емес, аз-маз кілтипан Абайдың мұрнына қатысты. Қазір жарыққа шығып жүрген кейбір суреттерде (қолдан салған ғана емес, нақты фотода) Абайдың мұрны қоңқақтау көрінеді. Жалпы, қоңқақ мұрын – біздің нәсілге мүлде жат сыпат, қазақта құсмұрын ғана болуы мүмкін. Осыған керісінше, сол түпнұсқадан алынған кейбір суреттерде Абай қырмұрын көрінеді. Қарама-қайшылықтың себебі неде? Біз негізгі және басты нұсқа А–1896 суретті компьютерге салып, мүшелеп, мұқият тексердік. Саусақтардан соң айрықша назар аударғанымыз – көзі мен құлағы, ең бастысы – мұрыны болды. Мұрынның өзін неше бөліп, ұлғайтып, әртүрлі кейіпте қарадық. Абайдың мұрын ұшы – доғал да, үшкіл де, таңқы да емес, сүйірлене, әдемі мүсінделген; танауы тарбақ та, кең де, қусырыңқы да емес, жарасымды біткен; екі көз арасы – ілдірік – қабақ сүйегінің биік еместігіне қарамастан, төмен екен, әрі жіңішке (осы суреттегі, сәл-пәл қырын тұрған баласы Ақылбайдан бұл ерекшелік анығырақ байқалады); ал кеңсірік – қоңқақ емес, мұрынның сол жағына түскен көлеңке әсерімен, бітісі сәл-пәл жалпақтау көрінеді. Шындығында биік қыр мұрын. Ілдірігі төмен болған себепті, бәлкім, сәл-пәл құсмұрын болуы да. Бірақ қоңқақ емес. Лобановский қолмен салған суретте Абайдың бет пішініндегі біраз ерекшелік анық байқалады дедік. Мұрынның жайы да сол сияқты. Тура отырғандықтан анық аңдалмайды, бірақ кеңсірік жұқа емес. Биік қыр мұрынды деуге келеді. Абай әбден тозған А–1903 суретте ең анық түскен мүше – осы қыр мұрын. Абайдың мұрны өз орнына қойылған сурет – біз дайындаған 1981 жылғы Мәскеу басылымы дер едік. Тұтастай алғанда, ұлы ақынның шынайы, өзіндік кейпі “Абай энциклопедиясының” супер-тысындағы суреттен біршама

тәуір көрінеді. Тек кеңсірігі жуантық, құлағы сәл-пәл үлкейтілген, алқымы да түсіңкіреп кеткен. Әлбетте, арнайы көңіл бөлінсе, А-1896 түпнұсқа негізінде жақсы нәтижеге жетуге болар еді. Осы орайда біз Абайдың екі ұлымен түскен суретінің нақты бір таңбасын “Жұлдыз” журналында (1999, N7) жариялаған едік. Компьютерден тәуір шыққанымен, баспахана кінәсінен ойдағыдай көрінбей қалды.

Сонымен, ұлы Абайдың түр-тұлғасы ежелгі түрік, таза қазақы кейіпте. Бүкіл бітіс-болмысы, саусағының ұшынан жазық маңдайына дейінгі барлық сыртқы сыпаты – ішкі қуатына, кемеңгер даналығына сәйкес келеді. Мінезі, жүріс-тұрысы, әдет-дағдысы, үні мен сөзі – бәрі-бәрі Алаштың ұлылығының айқын көрінісі дер едік.

* * *

Әлбетте, Абайдың ең айшықты суреті – оның мәңгілік мұрасы. Бірақ ұлы мұра – құдыретті рухтан ғана туындамақ, ал құдыретті рух – құдай сүйген тұлғаға ғана дарымақ. Қазақ Аруақ қонған дейді. Аруақ қонған!

Алаштың ұлыстық әдебиетінің бес жүз жылдық тарихында аруақ қонған үш-ақ адам болды: Шалкиіз жырау, Бұқар жырау және Абай. Бұлардың ішінде бізге біршама толық және нақты жеткені – Абай ғана. Сол Абайдың өзі бойындағыны түгел шығаруға мүмкіндік таппады. Екі алақаны да жабық, жұмбақ қалпында кетті. Бірақ барына тәуба.

Абай сияқты ұлы тұлғаны үлкен халық қана туғыза алатын еді. Ендеше, Абайға қарап өзімізді танимыз. Толық тану – алдағы елу жылдың үлесінде.

23.I.1998 – 14.VI.2000,
Алматы.